- сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін үлгілік қағидалар негізінде әзірленген жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау қағидаларын, қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бекіту;
- әкімнің ұсынысы бойынша мәслихат сессиясының шешімімен тиісті әкімдіктің дербес құрамын келісу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен, әкімнің ұсынуы бойынша ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметі басшысының лауазымына кандидатураны келісу;

#### Мәслихаттардың өкілеттіктері

- атқарушы органдар басшыларының есептерін қарау және тиісті органдарға мәслихат шешімдерін орындамағаны үшін мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарын, сондай-ақ ұйымдарды жауапқа тарту туралы ұсыныстар енгізу;

#### Қоғамдық кеңестердің өкілеттіктері

бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының, стратегиялық жоспарлардың немесе аумақтарды дамыту бағдарламаларының, мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың орындалуын талқылау;

атқарушы органдардың нысаналы индикаторларға қол жеткізуі туралы есептерін талқылау;

#### Мәслихаттардың өкілеттіктері

- ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметі басшыларының есептерін қарау және олардың қызметін бағалау;
- Қазақстан Республикасының сайлау туралы заң актісіне сәйкес аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін жасырын немесе ашық дауыс беруді өткізу жолымен сайлау;
- жергілікті бюджеттің, аумақты дамыту бағдарламаларының атқарылуына бақылау жасау;

#### Қоғамдық кеңестердің өкілеттіктері

қоғамдық бақылауды осы Заңда көзделген өзге де нысандарда жүзеге асыру;

#### Мәслихаттардың өкілеттіктері

- облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларының бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есебін қарау;

#### Қоғамдық кеңестердің өкілеттіктері

бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы, қайырымдылықтан түсетін ақшаның түсуі мен жұмсалуды туралы есептерін талқылау;

#### Мәслихаттардың өкілеттіктері

- мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерін тексеру комиссиялары жұмыстарының жоспарына енгізу үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларына ұсыныстар енгізу;
- мәслихаттың тұрақты комиссиялары мен өзге де органдарын құру, олардың қызметі туралы есептерді тыңдау, мәслихаттың жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;

#### Қоғамдық кеңестердің өкілеттіктері

қызмет бағыттары бойынша комиссия құру.

#### Мәслихаттардың өкілеттіктері

- әкімнің ұсынуы бойынша ведомствоаралық сипаттағы мәселелер бойынша әкімдік жанындағы консультациялық-кеңесші органдардың дербес құрамын бекіту;
- әкімнің ұсынысы бойынша «Облыстың (қаланың, ауданның) құрметті азаматы» атағын беру;
- облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдігі әзірлеген және ұсынған «Облыстың (қаланың, ауданның) құрметті азаматы» атағын беру қағидаларын бекіту;
- облыстың (қаланың, ауданның) Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережені әзірлеу және бекіту;
- Қазақстан Республикасының жер заңдарына сәйкес жер қатынастарын реттеуді жүзеге асыру;
- азаматтар мен ұйымдардың Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын орындауына жәрдемдесу;

#### Қоғамдық кеңестердің өкілеттіктері

қызметтік әдеп нормаларының сақталуын қоса алғанда, мемлекеттік басқаруды жетілдіру және мемлекеттік аппараттың ашық жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

#### Мәслихаттардың өкілеттіктері

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру;



азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және талқылауға қатысу;

Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және оларды мемлекеттік органдарға енгізу;

Қоғамдық кеңес туралы ереженің жобасын оның бірінші отырысында талқылау және бекіту үшін мемлекеттік органға енгізу;

## Қорытынды:


### 1. Қоғамдық кеңестердің кейбір өкілдіктерін мәслихаттардың өкілдіктері толықтырады

Мысалы, бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын, стратегиялық жоспарлардың немесе аумақтарды дамыту бағдарламаларының жобаларын, мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың жобаларын талқылау жөніндегі қоғамдық кеңестің өкілдігін тиісті аумақты дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептерді бекіту, соның ішінде қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдері іске асыратын (әрбір қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ бойынша жеке-жеке) бюджеттік бағдарламаларды бекіту жөніндегі мәслихаттың өкілдігі толықтырады.

Жоғарыда аталған бағдарламаларды талқылау алғашқыда қоғамдық кеңестерде, ал содан кейін – мәслихаттардың берілген бағдарламаларды бекіту логикаға сай болып табылады және осындай маңызды мәселелерді талқылауға қоғамдастықты тартуға бағытталған.

### 2. Қоғамдық кеңестердің кейбір өкілдіктері мәслихаттардың өкілдіктеріне сәйкес келеді, не болмаса оларды жиі қайталайды.

Мысалы, атқарушы органдар басшыларының есептерін қарау және тиісті



органдарға мәслихат шешімдерін орындамағаны үшін мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарын, сондай-ақ ұйымдарды жауапқа тарту туралы ұсыныстар енгізу жөніндегі мәслихаттың өкілдіктері бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын, мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың жобаларын талқылау, атқарушы органдардың нысаналы индикаторларға қол жеткізуі туралы есептерін талқылау жөніндегі қоғамдық кеңестің өкілдіктерімен жекелей сәйкес келеді.

Мәслихаттың тұрақты комиссиялары мен өзге де органдарын құру, олардың қызметі туралы есептерді тыңдау, мәслихаттың жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу жөніндегі мәслихаттың өкілеттіктері қызмет бағыттары бойынша комиссия құру жөніндегі қоғамдық кеңестің өкілеттіктерін ішінара қайталайды.

### **3. Мәслихаттардың қоғамдық кеңестерге бекітілмеген өкілеттіктері бар.**

Мысалы, Қазақстан Республикасының жер заңдарына сәйкес жер қатынастарын реттеуді жүзеге асыру өкілеттіктері тек мәслихатқа бекітілген.



## 1.2. Қоғамдық кеңестердің қызметі бойынша проблемалық мәселелер

**Қоғамдық кеңестердің қызметтерін ұйымдастырушылық қамтамасыз ету.**

«Қоғамдық кеңестер туралы» Заңның 13-бабы 6-тармағына сәйкес «Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді қатысуымен Қоғамдық кеңес құрылған тиісті мемлекеттік орган жүзеге асырады».

Сонымен бірге, «ұйымдастырушылық қамтамасыз ету» - қоғамдық кеңестердің қызметін қаржылық қамтамасыз ету сияқты, материалды-техникалық қамтамасыз ету дегенді білдіреді. Заңның бұл нормасы іске асыру практикасында проблемалардан тұрады.

Осылай, жергілікті деңгейде Қоғамдық кеңестердің ұйымдастырушылық қамтамасыз етілуі мәслихаттарға, не әкім аппараттарына, не ішкі саясат басқармасына жүктелген.

**Осыған байланысты ҚР Қаржы министрлігіне қоғамдық кеңестердің қаржыландыруы қамтамасыз етілетін мемлекеттік органның (бюджеттік бағдарлама әкімшісінің) нақты бюджеттік бағдарламасын, республикалық және жергілікті деңгейде құрылған қоғамдық кеңестердің қаржыландырылуы бойынша нақты бюджет спецификасын айқындау қажет.**

**Қоғамдық кеңестер туралы Үлгілік ереженің шеңберлік сипаты.** Мұнда мәжілістерді өткізу, НҚА келісу тәртібі, қоғамдық бақылаудың әр түрін өткізу, қоғамдық кеңес мүшелерінің алмасуы және өзге ұйымдастырушылық мәселелеріне қатысты қоғамдық кеңестердің қызметін реттеу регламенттері жоқ.

**Мәдениет және спорт министрлігі қазіргі таңда қоғамдық кеңестерден Үлгілік ережеге өзгертулер енгізу үшін ұсыныстар мен ұсынымдарды жинау жұмыстарын жүргізіп жатыр.** Сонымен бірге, Үлгілік ережеге сілтеме тек Заңның 8-бабында Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі Жұмыс тобын құру тәртібіне қатысты айтылған.

**Қоғамдық кеңес мүшелерінің алмасуы мәселесі.**

«Қоғамдық кеңес туралы» Заңның 15-бабы 3-тармағына сәйкес «Қоғамдық кеңес шығып қалған мүшесінің орнына оның өкілеттіктерінің қалған мерзіміне осы Заңның 9-бабының 1-тармағына сәйкес конкурс нәтижелері бойынша немесе мемлекеттік органның шешімімен Қоғамдық кеңестің құрамына жаңа мүшесін қосу туралы шешім қабылдайды». Осыған байланысты «азаматтық қоғам қатарынан жаңа мүшелерді енгізу кезінде конкурсты түгелімен, Жұмыс тобынан бастап өткізу қажет пе?» деген сұрақ туындайды.



Сонымен қатар, қоғамдық кеңестің мәжілістеріне, қызметіне қатыспайтын мүшелерді қоғамдық кеңес құрамынан шығару механизмін құқықтық реттеуде олқылықтарға байланысты проблемалар туындайды.

Қоғамдық кеңес құрамына сайланған коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері коммерциялық емес ұйымдардың ұсынысы негізінде коммерциялық емес ұйымнан шығып кеткен фактілер болды. **Осыған байланысты қоғамдық кеңестердің құрамынан коммерциялық емес ұйымдардың қатарынан шыққан тұлғаларды шығаруды регламенттеу қажеттілігі туындайды.**

**Қоғамдық кеңестердің жұмысының жариялылығын қамтамасыз ету мәселелері.**

«Қоғамдық кеңестер туралы» Заңның 14-бабында қоғамдық кеңестің жұмысының жариялылық принципі регламенттелген. Аталған бапта қоғамдық кеңес халықты:

1. азаматтық қоғаммен және мемлекеттік органдармен өзінің іс-қимыл жасау нәтижелері;
2. Қоғамдық кеңестің құрамы, оның мүшелерін ротациялау;
3. отырыстардың күн тәртібі;
4. қабылданған шешімдер;
5. қоғамдық маңызы бар басқа да мәселелер туралы хабардар етеді.

Ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және (немесе) тиісті интернет-ресурстарында орналастырылады.

2015 жылдың 31 желтоқсанындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1191 Қаулысымен Қоғамдық тыңдауды ұйымдастыру және өткізу тәртібіне қойылатын үлгілік талаптар бекітілді.

Қоғамдық тыңдауды ұйымдастыру және өткізу тәртібіне қойылатын үлгілік талаптардың 7-тармағында «Комиссия қоғамдық тыңдауды және өткізуді мынадай тәртіппен жүзеге асырады:

1. қоғамдық тыңдау тақырыбы бойынша ұсынылатын мәселелердің нақты тізбесін анықтайды;
2. жұмыс жоспарын жасайды, комиссия мүшелері арасында міндеттерді бөліседі және қоғамдық тыңдауды дайындау мен өткізу міндеттерінің тізбесін айқындайды;

**3. өткізу белгіленген күнге дейін отыз күннен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында және уәкілетті органның интернет ресурсында қоғамдық тыңдау тақырыбы мен мәселелерінің тізбесін жариялауды қамтамасыз етеді.**

**Қоғамдық тыңдауда нормативтік құқықтық акті жобасы қаралған кезде, оның толық мәтіні де тұрғындардың танысуы үшін, өткізілетін күннен күнтізбелік он күн бұрын жарияланады;**

**4. шақырылғандардың тізбесін айқындайды және оларға талқылауға ұсынылатын мәселелер бойынша өздерінің ұсынымдары мен ұсыныстарын беру туралы өтінішті қоғамдық тыңдауға шығарылатын барлық құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, оларға ресми өтініш жібереді;**

**5. қоғамдық тыңдауға қатысушыларға қоғамдық тыңдау тақырыбы бойынша ұсынымдарды дайындау үшін қажетті ақпаратты алуға жәрдемдеседі;**


**6. қоғамдық тыңдауға ұсынылатын әрбір мәселе бойынша ұсынымдар мен ұсыныстардан тұратын қорытынды хаттама жобасын осы Үлгілік талаптарға қосымшаға сәйкес нысан бойынша дайындауды ұйымдастырады;**

**7. тұрғындарды қоғамдық тыңдау өткізілетін күнге дейін он күннен кешіктірмей хабардар етеді. Жарияланатын ақпарат қоғамдық тыңдау тақырыбы және мәселелері, тыңдауды өткізу уақыты мен орны туралы мәліметтерді, комиссияның байланыс ақпараттарын қамтиды;**

**8. Қоғамдық тыңдауға қатысушыларды тіркейді. Сонымен бірге, қоғамдық кеңестер туралы заңнама қоғамдық тыңдауды өткізу бөлігінде берілген процедураны артық регламенттейтін нормалардан тұрады, ол қоғамдық тыңдау жұмыстарының жариялылық принципін бұзуы мүмкін.**

Қоғамдық тыңдауды ұйымдастыру және өткізу тәртібіне қойылатын үлгілік талаптардың 8-тармағында «Қоғамдық тыңдау басталмастан бұрын сөйлеуге тіркелген шақырылғандар мен азаматтар сөйлеу құқығына ие болатын қоғамдық тыңдауға қатысушылар болып табылады» деп көрсетілген.

Бұл талап артық болып табылады, себебі азаматтың сөйлеу қажеттілігі мен тілегі осы немесе басқа мәселе бойынша қоғамдық талапты өткізу барысында туындауы мүмкін. Мұнымен бірге, бұл Үлгілік талаптарда сөйлеуге тіркелу механизмінің өзі де егжей-тегжейлі регламенттелмеген.



Қоғамдық тыңдау өткізудің екінші проблемасы оны республикалық қоғамдық кеңестің өткізуі болып табылады. Осылай, Үлгілік талаптардың 8-тармағының екінші азат жолында «республикалық деңгейде өткізілетін қоғамдық тыңдауға ол басталар алдында тіркелген азамат қатыса алады» деп көрсетілген. Алайда, Министрліктер Үйіне кірудің айырықша режимі іс жүзінде мұндай тіркеудің уақытылы өтуін қиындатады (министрлікке телефонмен байланысу, өткізу бюросында рұқсаттама жазу үнемі бола бермейді) және осы арқылы қоғамдық тыңдауға азаматтардың қатысу құқығын шектейді.

Осылайша, Қоғамдық тыңдауды ұйымдастыру және өткізу тәртібіне қойылатын Үлгілік талаптардың 8-тармағының ақау сипаты бар және мемлекеттік органның лауазымдық тұлғалары тарабынан теріс пайдалану потенциалына ие, себебі ол азаматтардың қоғамдық тыңдау өткізу кезінде сөйлеу құқығын азайтады да, жалпы алғанда азаматтардың қоғамдық тыңдауларға қатысу мүмкіндіктерін қиындатады.

**Қоғамдық тыңдауды ұйымдастыру мен өткізуді тәртібіне қойылатын үлгілік талаптардан сөйлеуге уақытылы тіркелу қажеттілігі туралы норманы алып тастауды, ал қоғамдық кеңестердің мәжілісі мен қоғамдық тыңдаулар айрықша күзетілетін нысандарға жатпайтын ғимараттарда өткізуді ұсынамыз.**

## **Қоғамдық сараптама**


«Қоғамдық кеңестер туралы» Заңның 22-бабы қоғамдық сараптаманы ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін айқындайды.

Қоғамдық сараптаманы Қоғамдық кеңес өз отырысында қабылдаған тапсырмасы бойынша қоғамдық бірлестіктер құратын сараптама комиссиялары жүзеге асырады. Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау, азаматтардың өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаны сақтау, сондай-ақ жеке тұлғалардың, елді мекендердің және өндірістік объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жағымсыз факторларды болғызбау тұрғысынан мемлекеттік органдардың қабылданатын шешімдерінің жобалары қоғамдық сараптама объектілері болып табылады.

Қоғамдық кеңеске тиісті өтінішхат жіберетін жеке тұлғалар және (немесе) қоғамдық бірлестіктер қоғамдық сараптаманың бастамашылары бола алады.







Қоғамдық экологиялық сараптама жүргізу ерекшеліктері, оны тіркеу тәртібі, қорытындының мазмұны Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде белгіленіп, экологиялық заңнамамен толық жеткілікті реттелсе, басқа объектілер бойынша қоғамдық сараптама процедурасы және сараптама түрінің өзі және мазмұны заңнамамен реттелмеген.

Сол себепті, **қоғамдық сараптаманы өткізуге қойылатын үлгілік талаптар мен қоғамдық сараптама қорытынды бойынша қорытынды үлгілік ережелерді белгілейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы қабылдауы талап етіледі.**

Қоғамдық сараптамаға бастама алудың мүмкіндіктері **барлық жеке тұлғалардың**, яғни Қазақстан Республикасының азаматтары сияқты және Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын азаматтар (шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар) **үшін дұрыс емес болып табылады.**

«Қоғамдық кеңестер туралы» Заңның преамбуласының мәні бойынша қоғамдық кеңестердің қызметі «құқықтық мәртебесін, халық алдында есеп беретін мемлекет қалыптастыру жөніндегі **мемлекеттік саясатты іске асыруға, барлық деңгейлердегі мемлекеттік органдардың шешімдер қабылдауына коммерциялық емес ұйымдардың, азаматтардың кеңінен қатысуын қамтамасыз етуге** бағытталған қызметін қалыптастыру және ұйымдастыру тәртібіне бағдарланған.

**Мемлекет істерін басқаруға қатысу құқығы** өзінің өкілдері арқылы және тікелей, жеке жүгіну, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініштерін мемлекеттік органдарға және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына беру **Қазақстан Республикасының Конституциясының 33-бабы 1-тармағына сәйкес тек Қазақстан Республикасының азаматтарына ғана мүмкін.**

«Қоғамдық кеңестер туралы» Заңның 22-бабы 2-тармағына сәйкес келесі редакцияда беруді ұсынамыз:

***«2. Қоғамдық сараптама бастамашылары болып Қазақстан Республикасының азаматтары және (немесе) Қоғамдық кеңеске тиісті өтінішхат жіберетін құрылымдық бөлімшелердің (филиалдардың және өкілдіктердің), халықаралық және шетелдік бірлестіктерінен басқа, қоғамдық бірлестіктер бола алады.***



### 1.3. Қорытынды және ұсыныстар:

**Қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің артықтығы немесе жетіспеушілігі туралы қорытынды:**

«Қоғамдық кеңес туралы» ҚР Заңының 10-бабы 1-тармағының екінші абзацында «Қоғамдық кеңестің мүшелігіне кандидаты бола алмайды:» деп былай белгіленген:

1. сотталған болса;
2. **сот заңда белгіленген тәртіппен сыбайлас жемқорлық қылмыс және (немесе) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауда кінәлі деп танылған болса**
3. психикалық ауруға, алкоголизмге, нашақорлыққа немесе уытқұмарлыққа байланысты денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрса.

Лауазымдық тұлға (мемлекеттік қызметкер) болып табылмаған және болып табылмайтын азаматтарға қатысты сотталмағандығының, сыбайлас жемқорлық қылмыс пен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың жоқтығы туралы анықтама ұсыну туралы талап артық болып табылады.

Қоғамдық кеңестің мүшелігіне кандидаттың сотталмағандығы туралы талап сыбайлас жемқорлық қылмыс жасауда сот кінәлі деп тануының жоқтығы туралы талапты «басады». Сыбайлас жемқорлық қылмыс қылмыстың бір түрі болып табылады.

#### **Терминдерді үйлестіру бойынша ұсыныстар**

«Қоғамдық кеңестер туралы» ҚР Заңында қоғамдық кеңестердің өкілеттіктерін және «Жергілікті мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңындағы жергілікті қоғамдастықтың жиналыстарының өкілеттіктерін «Жергілікті мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңының 39-3-бабы 3-тармағын келесі редакцияда беруді ұсынамыз:

«3. Жергілікті қоғамдастықтың жиналысы жергілікті маңызы бар ағымдағы мәселелер бойынша және **«Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес қоғамдық кеңестердің құзыреттілігіне жататын мәселелер** бойынша өткізіледі:

1. бюджеттік бағдарламаларды талқылау және бағдарламалық құжаттардың жобаларын, жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламаларын қарау;

2. жергілікті өзін-өзі басқарудың кіріс көздерін қалыптастыру және пайдалану мәселелерін талқылау;

3. жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге бөлінген бюджет қаражатын және жергілікті өзін-өзі басқарудың кіріс көздерін пайдалануға мониторинг жүргізу мақсатында жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысушылар арасынан жергілікті қоғамдастық комиссиясын құру;

4. жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге бөлінген бюджет қаражатын және жергілікті өзін-өзі басқарудың кіріс көздерін пайдалануға жүргізілген мониторинг нәтижелері туралы есепті тыңдау және талқылау;

4-1. жергілікті өзін-өзі басқару қаражаты есебінен сатып алынған мүлікті иеліктен шығаруды келісу;

4-2. жергілікті қоғамдастықтың өзекті мәселелерін, **азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік-құқықтық актілердің** жобаларын талқылау;

4-3. аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімін сайлауды өткізуге аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатына одан әрі ұсыну үшін аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметіне аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі ұсынған кандидатураларды келісу;

4-4. аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімін лауазымынан босату туралы мәселеге бастамашылық жасау;

4-5. жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын және тиісті аумақтарда орналасқан мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың басшыларын тағайындау бойынша ұсыныстар енгізу;

5. жергілікті қоғамдастықтың басқа да ағымдағы мәселелері мен **«Қоғамдық кеңес туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қоғамдық кеңестердің өкілеттігіне жататын** мәселелер бойынша.

- нормативті құқықтық актілерді жетілдіру (немесе өзгертулер мен толықтыруларды енгізу туралы нормативті құқықтық акті жобасы немесе норманың, баптың, тармақтың, тармақшасының жаңа редакциясы ұсынылады) бойынша ұсыныстар;



Біркелкі заңда қолдану практикасын қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстар:

Қоғамдық кеңестерді қалыптастыру кезінде «Қоғамдық кеңестер туралы» ҚР Заңының нормаларын біркелкі түсінуді қамтамасыз ету мақсатында 8-баптың 2-тармағын мына редакцияда беруді ұсынамыз:

«2. Жұмыс тобының құрамында мемлекеттік органнан (мәслихаттан) өкілдік етуі жұмыс тобы мүшелерінің жалпы санының үштен бірінен аспауы тиіс. Бұл өкілдіктің дербес құрамы мемлекеттік органның (мәслихаттың) басшысымен жеке айқындалады».

### Қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру бойынша ұсыныстар

#### 2015 жылдың 2 қарашасындағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының № 383-V ЗРК Заңы

1 Қолданыстағы редакция

8-бап. Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобын құру тәртібі

...

2. Жұмыс тобының құрамында мемлекеттік органнан өкілдік ету жұмыс тобы мүшелерінің жалпы санының үштен бірінен аспайды. Осы өкілдіктің дербес құрамын мемлекеттік органның басшысы өз бетінше айқындайды.

Норманың (нормалардың) анықталған ақауы және (неесе) оларды қолдану практикасының үлгілері

«Қоғамдық кеңестер туралы» Заңның 8-бабы 2-тармағында «мемлекеттік орган» сөз тіркесі жекеше түрде қолданылады.

«Қоғамдық кеңестер туралы» ҚР Заңын іске асыру кезінде келесі мәселелер даулы күйінде қалды:

1. «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңның 8-бабы 2-тармағына қатысты – «мемлекеттік орган» деген сөздің жекеше түрде қолданылуы жергілікті деңгейде қоғамдық кеңестің жұмыс тобының құрамында өкілдік (1/3 артық емес) тек тиісті мәслихаттан болу керектігін білдіреді ме? 2. қоғамдық кеңестің жұмыс тобының құрамына тиісті мәслихаттан емес мемлекеттік қызметкерлерді (мысалы, ішкі саясат бөлімінің, қала әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмыс бөлімінің басшыларын) қосу заңға сай ма?

8-бап. Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобын құру тәртібі.

...

«2. Қоғамдық кеңес қалыптасатын Жұмыс тобының құрамында мемлекеттік органнан (мәслихаттан) өкілдік ету жұмыс тобы мүшелерінің жалпы санының үштен бірінен аспауы тиіс. бұл өкілдіктің дербес құрамы мемлекеттік органның (мәслихаттың) басшысымен жеке айқындалады.

10-бап. Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидаттарға қойылатын талаптар

1. Қазақстан Республикасының он сегіз жасқа толған, сондай-ақ Қоғамдық кеңес жергілікті деңгейде қалыптастырылған жағдайда – тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде тұратын азаматы Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидат бола алады. Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидат:

1) сотталғандығы болмауы;

2) сот заңда белгіленген тәртіппен сыбайлас және жемқорлық қылмыс және (немесе) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауда кінәлі деп танымаған болуға;

3) психикалық ауруға, алкоголизмге, наақорлыққа немесе уытқұмарлыққа байланысты денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрмауға тиіс.

2. Конкурсқа қатысу үшін:

1) кандидатураны Қоғамдық кеңестің құрамына ұсыну туралы коммерциялық ұйымның жазбаша ұсынысы және (немесе) азаматтың өтініші;

2) кандидаттың өмірбаян деректерін көрсете отырып, кәсіптік және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтер ұсынылады.

3. Осы баптың 1-тармағында белгіленген талаптарға сай келмейтін кандидаттар қоғамдық кеңестерге сайлану үшін конкурсқа жіберілмейді.

Іс жүзінде азаматтар сотталмағандығы туралы анықтама ұсынған кезде сыбайлас жемқорлық қылмысқа әкімшілік құқық бұзушылыққа қатысты еместігі туралы анықтамалар ұсынбаған жағдайлар болды.

Сол себепті «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңның мәтінінде бұл мәселелерді реттеу қажет.

Лауазымдық тұлға (мемлекеттік қызметкер) болып табылмаған және болып табылмайтын азаматтарға қатысты сотталмағандығының, сыбайлас жемқорлық қылмыс пен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың жоқтығы туралы анықтама ұсыну туралы талап артық болып табылады.

#### Ұсынылатын редакция (ұсыныстар)

10-бап. Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидаттарға қойылатын талаптар.

1. Қазақстан Республикасының он сегіз жасқа толған, сондай-ақ Қоғамдық кеңес жергілікті деңгейде қалыптастырылған жағдайда – тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде тұратын азаматы Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидат бола алмайды:

1) сотталған болса;

2) сот заңда белгіленген тәртіппен сыбайлас жемқорлық қылмыс және (немесе) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауда кінәлі деп танылған болса;

3) психикалық ауруға, алкоголизмге, нашақорлыққа немесе уытқұмарлыққа байланысты денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрса.

2. Конкурсқа қатысу үшін:

1) кандидатураны Қоғамдық кеңестің құрамына ұсыну туралы азаматтың және (немесе) өтініші; коммерциялық емес ұйымның жазбаша ұсынысы;

2) кандидаттың өмірбаяны деректерін көрсете отырып, кәсіптік және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтер ұсынылады.



2-1. Кандидаттар осы баптың 1-тармағында белгіленген талаптарға сай келмейтін мәліметтердің жоқтығын растайтын тиісті құжаттарды ұсынады.

Лауазымдық тұлға (мемлекеттік қызметкер) болып табылмаған және болып табылмайтын азаматтар сотталмағандығының, сыбайлас жемқорлық қылмыс пен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың жоқтығы туралы анықтама ұсыну туралы анықтама ұсынудан босатылады..

3. Осы баптың Кандидаты, не –тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін кандидаттарды қоғамдық кеңеске сайлау үшін конкурсқа жіберілмейді.

3

Қолданыстағы редакция

22-бап. Қоғамдық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу тәртібі

...

2. Қоғамдық кеңеске тиісті өтінішхат жіберетін жеке тұлғалар және (немесе) қоғамдық бірлестіктер қоғамдық сараптаманың бастамашылары бола алады.

Норманың (нормалардың) анықталған ақауы және (неесе) оларды қолдану практикасының үлгілері

Қоғамдық сараптамаға бастама алудың мүмкіндіктері барлық жеке тұлғалардың, яғни Қазақстан Республикасының азаматтары сияқты және Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын азаматтары (шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар) үшін дұрыс емес болып табылады деп санаймыз.

«Қоғамдық кеңестер туралы» Заңның преамбуласының мәні бойынша қоғамдық кеңестердің қызметі «құқықтық мәртебесін, халық алдында есеп беретін мемлекет қалыптастыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруға, барлық деңгейлердегі мемлекеттік органдардың шешімдер қабылдауына коммерциялық емес ұйымдардың, азаматтардың кеңінен қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған қызметін қалыптастыру және ұйымдастыру тәртібіне бағдарланған.

**Мемлекет істерін басқаруға қатысу құқығы** өзінің өкілдері арқылы және тікелей, жеке жүгіну, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініштерін мемлекеттік органдарға және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына беру **Қазақстан Республикасының Конституциясының 33-бабы 1-тармағына сәйкес тек Қазақстан Республикасының азаматтарына ғана мүмкін.**

**Ұсынылатын редакция (ұсыныстар)**

22-бап. Қоғамдық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу тәртібі.

...

2. Қоғамдық кеңеске тиісті өтінішхат жіберетін **Қазақстан Республикасының азаматтары және (немесе) құрылымдық бөлімшелер (филиалдар мен өкілдіктер) мен халықаралық және шетелдік қоғамдық бірлестіктерден басқа қоғамдық бірлестіктер** қоғамдық сараптаманың бастамашылары бола алады.

**2001 жылдың 23 қаңтарындағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының №148 Заңы**

**4**

**Қолданыстағы редакция**

39-3-бабы. Жергілікті қоғамдастық жиындары мен жергілікті қоғамдастық жиналыстары

...

3. Жергілікті қоғамдастық жиналысы жергілікті маңызы бар ағымдағы мәселелер:

1) бюджеттік бағдарламаларды талқылау және бағдарламалық құжаттардың жобаларын, жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламаларын қарау;

2) жергілікті өзін-өзі басқарудың кіріс көздерін қалыптастыру және пайдалану мәселелерін талқылау;

3) жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге бөлінген бюджет қаражатын және жергілікті өзін-өзі басқарудың кіріс көздерін пайдалануға мониторинг жүргізу мақсатында жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысушылар арасынан жергілікті қоғамдастық комиссиясын құру;

4) жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге бөлінген бюджет қаражатын және жергілікті өзін-өзі басқарудың кіріс көздерін пайдалануға жүргізілген мониторинг нәтижелері туралы есепті тыңдау және талқылау;

4-1) жергілікті өзін-өзі басқару қаражаты есебінен сатып алынған мүлікті иеліктен шығаруды келісу;

4-2) жергілікті қоғамдастықтың өзекті мәселелерін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын талқылау;

4-3) аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімін сайлауды өткізуге аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатына одан әрі ұсыну үшін аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметіне аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі ұсынған кандидатураларды келісу;

4-4) аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімін лауазымынан босату туралы мәселеге бастамашылық жасау;

4-5) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын және тиісті аумақтарда орналасқан мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың басшыларын тағайындау бойынша ұсыныстар енгізу;

5) жергілікті қоғамдастықтың басқа да ағымдағы мәселелері бойынша өткізіледі.

Норманың (нормалардың) анықталған ақауы және (неесе) оларды қолдану практикасының үлгілері

«Қоғамдық кеңестер туралы» Заңның 6-бабында Қоғамдық кеңестің функцияларын жергілікті қоғамдастық жиналысы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және осы Заңда белгіленген өкілеттіктерге сәйкес жүзеге асырады деп көрсетілген.



Көріп отырғанымыздай, ҚР «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңының 39-3-бабы 3-тармағы бойынша жергілікті қоғамдастықтың жиналысы **жергілікті маңызы бар ағымдағы мәселелер бойынша өткізіледі.**

Сонымен қатар, қоғамдық кеңестердің **функцияларына жататын кейбір өкілеттіктер жергілікті маңызы бар ағымдағы мәселелерді шешу бойынша құзыреттілігі болып табылмайды.** Мысалы, Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша мемлекеттік органдарға ұсыныстарды әзірлеу және енгізу, не болмаса қызметтік әдеп нормаларын қоса алғанда мемлекеттік аппараттың ашықтылық жұмысын ұйымдастыру мен мемлекеттік басқаруды жетілдіру жөніндегі мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарастыру.

Сол себепті «Жергілікті мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңының 39-3-бабы 3-тармағын жаңа редакцияда беруді ұсынамыз.

#### Ұсынылатын редакция (ұсыныстар)

39-3-бап. Жергілікті қоғамдастық жиындары мен жергілікті қоғамдастық жиналыстары

...

3. Жергілікті қоғамдастықтың жиналысы жергілікті маңызы бар ағымдағы мәселелер бойынша және «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес қоғамдық кеңестердің құзыреттілігіне жататын мәселелер бойынша өткізіледі:

1) бюджеттік бағдарламаларды талқылау және бағдарламалық құжаттардың жобаларын, жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламаларын қарау;

2) жергілікті өзін-өзі басқарудың кіріс көздерін қалыптастыру және пайдалану мәселелерін талқылау;

3) жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге бөлінген бюджет қаражатын және жергілікті өзін-өзі басқарудың кіріс көздерін пайдалануға мониторинг жүргізу мақсатында жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысушылар арасынан жергілікті қоғамдастық комиссиясын құру;

4) жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге бөлінген бюджет қаражатын және жергілікті өзін-өзі басқарудың кіріс көздерін пайдалануға жүргізілген мониторинг нәтижелері туралы есепті тыңдау және талқылау;

4-1) жергілікті өзін-өзі басқару қаражаты есебінен сатып алынған мүлікті иеліктен шығаруды келісу;

4-2) жергілікті қоғамдастықтың өзекті мәселелерін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын талқылау;

4-3) аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімін сайлауды өткізуге аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатына одан әрі ұсыну үшін аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметіне аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі ұсынған кандидатураларды келісу;

4-4) аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімін лауазымынан босату туралы мәселеге бастамашылық жасау;

4-5) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын және тиісті аумақтарда орналасқан мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың басшыларын тағайындау бойынша ұсыныстар енгізу;

5) жергілікті қоғамдастықтың басқа да ағымдағы мәселелері мен «ҚК туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қоғамдық кеңестердің өкілеттігіне жататын мәселелер

## II. Өңірлік қоғамдық кеңестердің НАҚТЫ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ТАЛДАУЫ

### 2.1. Өңірлік қоғамдық кеңестердің құрамы туралы

2016 ж. қаңтарда «Қоғамдық кеңестер туралы» Заң (әрі қарай – ҚК туралы заң) күшіне енгеннен кейін мемлекеттік органдардық құрайтын республикалық және жергілікті деңгейлерде қоғамдық кеңестерді қалыптастыру бойынша, оның ішінде өңірлік жұмыс топтар құрыла бастады. Заң бойынша (ҚК туралы заң 1 б. 7 бап) «қоғамдық кеңесте азаматтық қоғам өкілдерінің саны оның жалпы мүшелері санының үштен екісінен кем болмауы тиістілігі» қарастырылған. Мониторингті жүргізудің басында (2016 ж. қараша) облыстық ҚК құрамы 17-ден 41 адамға дейін болды, мұнда азаматтық қоғам өкілдерінің мүшелері үштен екіні немесе одан сәл артық адамды құрады (1 кесте), яғни заңмен белгіленген көрсеткіш сақталды.


1-кесте. Облыстық қоғамдық кеңес құрамы

Облыс	ҚК саны	Меморгандар	АҚ
Астана қ.	25	7	18
Алматы қ.	37	6	31
Ақмола	21	7	14
Ақтөбе	25	7	18
Алматы	25	7	18
Атырау	21	7	14
ШҚО	19	3	16
Жамбыл	28	7	21
БҚО	41	13	28
Қарағанды	25	3	22
Қостанай	17	3	14
Қызылорда	17	2	15
Маңғыстау	30	6	24
Павлодар	39	8	31
СҚО	22	3	19
ОҚО	27	7	20
<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<b>421</b>	<b>96</b>	<b>323</b>



2013 жылы өткен VI Азаматтық форумда, форумның ұсыныстары қабылданды және оларды жүзеге асыру бойынша Жоспар жасалды. Ұсыныстардың бірі әкімдік жанындағы қоғамдық кеңестерді таратуға бағытталды және ҰЕҰ кеңестері құрамында қатысушылардың санын 80% дейін ұлғайту ұсынылды.

*1 диаграммадан көріп тұрғанымыздай, бүгінде өңірлік ҚК құрамында ҰЕҰ қатысу пайызы 26% құрады, азаматтық қоғамның басқа өкілдерінің саны - 51%. Мемлекеттік орган өкілдері 23% құрайды. Қоғамдық кеңес мүшелеріне сауалнама жүргізгенде кеңестерде ҰЕҰ-секторы өкілдері жөнінде пікірлері сұралды*



1 диаграмма. ҚК өкілдіктері

Мәселен, ҚК құрамына кірген ҰЕҰ жетекшілері түрлі қызмет салаларында ҰЕҰ кеңінен қатысуы ҚК қызметінің тиімділігін айтарлықтай күшейтеді деп санайды. Бұл кейбір ҰЕҰ орныққан имиджімен, танымалдығымен, олардың өздері көзқарасын білдіретін айтарлықтай мақсатты топты қамтуымен байланысты. Сонымен бірге, ҰЕҰ, ҚК өкілеттігін атқару барысында, әсіресе қоғамдық бақылау саласында аса қажет «өңірдің қоғамдық пікірінің тұтастай нақты картинасын» біледі, өздерінің қызметтік мәселелері бойынша талдамалық деректер базасы, адами ресурстары, білімдері және тәжірибелері бар.

**Бүгінде әрбір өңірлік қоғамдық кеңесте заңның 5 бабына сәйкес комиссиялар құрылған, олар өңірлердің басым міндеттеріне қарай келесідей бағыттарда жұмыс істейді:**

- экономика және бюджет мәселелері бойынша
- экология, көлік, жер қатынастары және құрылыс бойынша
- кәсіпкерлік, өнеркәсіп және тұрғын үй-коммунальдық шаруашылық бойынша
- әлеуметтік саясат және қоғамдық қатынастар бойынша
- білім беру, мәдениет, дене шынықтыру және спорт, ұлтаралық келісім, тілдерді дамыту, жастар саясаты және дін бойынша

- аграрлық саясат бойынша
- жергілікті мемлекеттік басқару, заңдылық және өзін-өзі басқару бойынша
- азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мәселелері бойынша

Сөйтіп, өңірлік қоғамдық кеңестер қолданыстағы заң нормаларына сәйкес қалыптастырылды деп айтуға болады, қоғамдық кеңес мүшелерінің жалпы санының үштен екісін (тіпті одан көп) азаматтық қоғам өкілдері құрайды, құрылған комиссия азаматтық қоғам және мемлекет тарапынан бірлескен назарды және шешім қабылдауды күтетін барлық әлеуметтік-маңызды бағыттарды ескереді.

Мониторинг барысында әрбір өңірде дерлік ҚК қалыптасқан құрамына қатысты негізгі екі мәселе көтерілді: ҚК мүшелерінің ауыстырылуы туралы және ҚК мүшелерінің міндеттері мен жауапкершіліктері жөнінде. Мәселен, Заңның 15 бабына сәйкес, ҚК мүшелерінің өкілеттігін тоқтату себептері қарастырылған. Бірақ аяғына дейін анықталмаған көптеген жайттар қалып барады:

- ҚК мүшелерін – ҮЕҰ құрамынан шыққан ҮЕҰ өкілдерін шығару;
- жаңа мүшені енгізу процедурасы Қоғамдық кеңестің қарауына немесе шешіміне немесе меморганның шешіміне берілді. Бірінші жағдайда процедура айқын емес, екіншісінде – күрделі және көп уақытты талап етеді;
- ҚК мүшелері өздерінің міндеттерін адал орындамаған, жиналыстарға қатыспай бой тасалаған және т.б. оқиғалар белгілі. Заңда ҚК мүшелерінің өз міндеттерін орындамау тәртібі ешқалай реттелмеген.

Сондықтан ауыстыру механизмдері, ҚК қызметтегі мүшелерінің жауапкершіліктері аяғына дейін қалыптастырылмаған, осы мәселе бойынша заң екі ұшты оқылады және шешімді талап етеді.

## 2.2. Қоғамдық кеңестер қызметтерін ресурстармен қамтамасыз ету

Заңның 13 бап 6 тармағына сәйкес ҚК қызметтерін ұйымдастырушылықпен қамтамасыз ету ҚК қатысуымен құрылған мемлекеттік орган жүзеге асырады. Қазіргі күні ҚК қамтамасыз ету функциясы өңірлерде облыстық әкімдіктер мен мәслихаттардың арасында бөлінген. ҚК төрағалары мен мүшелерінің айтуынша, ұйымдастырушылықтың, техникалық-материальдық қамтамасыз етудің бірізді бекітілген процедурасы жоқ, ал қаржылық қамтамасыз ету заңмен мүлде қарастырылмаған.

Өңірлерден алынған мәліметтерге қарағанда, Қоғамдық кеңестер ресурстарды шартты түрде өз меншіктері және алынған деп бөледі. Өз меншіктерінің арасында, ең алдымен, тұрғындардан және мемлекеттік құрылымдардан өздігімен алу және тарату мүмкіндігі бар адами және ақпараттық ресурстар қарастырылады. Жиналыс өткізуге арналған бөлмелер, қабылдау жұмыстары, телефондар, ұйымдастыру техникалары ресурстары қолдау көрсету түрінде облыс әкімшіліктерінен немесе мәслихаттардан беріледі. Көптеген өңірлерде ақпараттық қызметтерді жүргізу үшін облмәслихаттардың сайттарын, әкімдік сайттарын пайдалану мүмкіндіктері берілген.

Күшейтілген әкімшілік қолдауларына қарамастан, қоғамдық кеңестер ресурстармен қамту мәселесінде тәуелді жағдайда қалып отырмыз деп санайды. Қаржылық ресурстардың жетіспеушілігі өткір сезіледі. Қоғамдық кеңес хатшыларының иығына қызметті әкімдеудің, іс жүргізудің, кеңес жұмыстарын жариялаудың негізгі жүгі түседі, сонымен бірге олар босатылмайды. Оны көп жағдайда өкілдер, ал кейбір жерлерде облыстық ішкі саясат басқармасының немесе облмәслихаттардың жетекшілері атқарады. Сонымен бірге, қаржының, өз көліктерінің жоқтығы өзекті мәселелерді шешу қажеттілігі туындаған аудандарға барып, көшпелі жиналыстар өткізуге мүмкіндік бермейді. Қоғамдық кеңес мүшелері өз қызметтері шеңберінде ұялы байланыс, қолжетімді интернеттің, тіпті қарапайым кеңсе тауарларының жетіспеушілігін сезінеді. Қоғамдық кеңес мүшелері қоғамдық сараптау және мониторинг жүргізу үшін қаржыны қайдан аламыз деген сұрақ қояды, өйткені заң бойынша сарапшылардың қызметіне жүгіну қарастырылған, ал оларды жалдау процедурасы, оның ішінде олардың жұмыстарына ақы төлеу қарастырылмаған.

Сауалнама көрсеткендей, өңірлік қоғамдық кеңес мүшелері өз қызметтерінің қандайда бір заңдылық тұрғысынан дәлелді екендігіне алаңдайды. Бұл жерде мәселе, өздерінің өкілеттігін растайтын дербес куәлік/визиткалар жайында, сол сияқты бірізді үлгідегі ресми бланкілер, мөртабандар, мөрлер және т.б жайында болып отыр. Ол ішкі іс қағаздарын жүргізу, сондай-ақ сыртқы қызметтер кезінде



(мысалы, қызметкердің мониторинг жүргізуге өкілеттігі барлығын және ресмилігін растайтын; немесе мемлекеттік және басқа құрылымдарға ресми сауал жасағанда) өздерімен бірге болуы тиіс. Қоғамдық кеңестер алаяқтық әрекеттердің, түрлі қолайсыздықтардың, проблемалардың болуын жоққа шығармайды. Бұл жайды ҚК мүшелерінің бірі былай түсіндірді: **«Ондай куәлік құжаттарының болуы қоғамдық рейдтер немесе басқа бақылау қызметтерін жүргізген кезде жұмысты жеңілдетеді және алаяқтардың ҚК мәртебесі арқасында меморгандар мен азаматтардың сенімін пайдалана отырып, қылмыстық мақсатта ақпарат алу(мысалы, ҚК бақылаушы тобы атынан зейнеткердің үйіне кіріп және тексерген болып, алаяқтық әрекет жасауы, сөйтіп ҚК құрылымының имиджіне нұқсан келтіру) мүмкіндігін болдырмайды.**

### Түйіндеме:

**Барлық дерлік өңірлік қоғамдық кеңестер ресурстық базамен қамтылу жағынан заңмен жазылған бірдей жағдайда тұр.**

Бір жағынан, Қоғамдық кеңестер өңірлерде жақсы әкімшілік қолдауды пайдаланады.

**Қазіргі күні барлық 16 облыстық қоғамдық кеңестердің жиналыс өткізуге арналған бөлмелері, телефондары, белгілі бір интернет-ресурстарға қолжетімділігі бар, көпшілік өңірлерде ҚК-тің тұрақты түрде азаматтарды қабылдау мүмкіндігі берілген. Он алты облыстың үшеуінде – Алматы қ., Атырау және Қарағанды облыстарында ҚК-тің өз сайты, екеуінде әлеуметтік желілерде парақшалары бар.**

Тәжірибе көрсеткендей, Қоғамдық кеңестер ресурстарды тарту үшін өз әлеуеттерін пайдалана алады. Мәселен, ҚК Алматы қ. ҮЕҰ қолдауының арқасында өз қызметтеріне Алматы қ. ІСБ мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында және Орталық Азия Еуразия қорының грантынан белгілі бір қаржы көлеміне ие болды.

Сөйте тұра, Қоғамдық кеңестердің өңірлерге жолға шығу, қоғамды ақпараттандыруды және өз имидждерін арттыру, қоғамдық бақылау жүргізуге сарапшыларды қатыстыру, штаттың ақысын төлеуді ескере отырып ұйымдастырушылық-әкімшілік қызметтерді нығайту мүмкіндіктері аясында қызметтерін қаржымен қамтамасыз ету мұқтаждықтары расталады.



Қазіргі күні заңмен брендбук, бір үлгідегі фирмалық бланктар, мөртабандар, мөрлер, визиткалар, куәліктер және т.б арқылы қоғамдық кеңестердің мәртебесін бекіту қарастырылмаған. Бұл мәселені шешу де, қажеттілік.

### **2.3.Өңірлік қоғамдық кеңестердің қызметтерін ұйымдастыру(мәжілістер, сұрау салулар, азаматтардың арыздары, қоғамдық бақылау).**

ҚК туралы Заңның 5 бапта олардың өкілеттіліктері жазылған, онда жобалардың және бюджеттік бағдарламалардың, стратегиялық жоспарлардың, аумақтарды дамыту бағдарламаларын, мембағдарламалардың орындалуын талқылау; ҮЕҰ есептері мен жобаларын талқылау; жеке және заңды тұлғалардың арыздарын және т.б. талқылау сияқты қызмет түрлері көрсетілген. Заңның айрықша ерекшелігі (ҚК туралы заңның 4 бөлімі) , қоғамдық мониторинг, қоғамдық тыңдаулар, қоғамдық сараптама, есептерді тыңдау сияқты өкілеттіктер жүктелгені болып табылады.

Біздің сауалнама барысында өңірлерде қоғамдық кеңестердің белсенділігі түрлі деңгейлерде жатқаны анықталды. Біздің талдау үшін ұсынып отырған хаттамалар, күн тәртібі, жоспарлар әрдайым сандық және сапалық көрсеткіштер мен қызмет индикаторларын көрсетпейді. Сондықтан қандайда бір қоғамдық кеңестің өз өкілеттіктерін орындау барысында қаншалықты белсенді болғандығын тек басқа өңірлердегі кеңестермен салыстыру арқылы және қоғамдық кеңес мүшелерінің өз пікірлеріне сүйене отырып қана білуге болады. Көрсеткіштер ретінде келесілер анықталды:

- 1. ҚК жиналыстарының саны.**
- 2. Жолданған сауалдар/мәлімдемелер/ұсыныстар саны**
- 3. Алынған жауаптар сапасы.**
- 4. Азаматтардың ҚК-ке жолдаған арыздарының саны/тақырыбы/нәтижелілігі.**
- 5. Жұмыста қоғамдық бақылау нысанын пайдалану.**

Өңірлік қоғамдық кеңестер қызметі туралы деректер төрағалардың, хатшылардың, комиссия жетекшілерінің, қоғамдық кеңес мүшелерінің жеке сұхбаттарының нәтижесінде, бақылау әдісімен, сондай-ақ ұсынылған құжаттарды, ашық дереккөздері – қоғамдық кеңестердің сайттарындағы немесе интернет-парақшаларындағы материалдарды зерттеу арқылы алынды. Сіздерге әрбір өңірлік қоғамдық кеңестер шегінде қызметтерді қысқаша қарауды ұсынамыз.

## Астана қ. қоғамдық кеңесі

Ақпан айынан тамызға дейін Қоғамдық кеңестің 12 отырысы өткізілген. Қоғамдық кеңестің отырыстарында қалалық әкімдіктің және мәслихатың нормативтік құқықтық актілерінің 87 жобасы қаралды. Астананы қаласының 2015 жылғы бюджетінің орындалуы туралы есеп, Астана қаласының 2016-2018 жылдардағы бюджетіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы мәслихат шешімдерінің жобасы қаралды.

Қоғамдық кеңес Азаматтардың жекелеген санаттарына қосымша әлеуметтік көмек көрсетеу туралы ереже жобасы бойынша ұсыныс берді, Автотұрақтарды ұйымдастыру ережесіне, Қалалық жолаушылар көлігінде жолда жүру кезінде электрондық төлем жүйесінің электрондық жанасусыз картасын пайдалану ережесіне, астананың қоғамдық көлігінде пайдаланатын әкімдіктің тариф саясатына қолдау көрсетілді, Астана қаласының әлеуметтік маңызды қатынас тізімі, қалалық және қала маңындағы қатынастарда автомобильмен жолаушыларды және жүкті тұрақты тасымалдау тарифы мақұлданды. Хайуанаттарды ұстау ережесі, жәрмеңкелік шараларды ұйымдастыру ережесі, астананың ақылы көшелерінде жол жүру үшін төлем төлеу және мөлшерлеме белгілеу ережесі мақұлданды, басқа мәселелер қарастырылды.

Қоғамдық кеңес білім беру, денсаулық сақтау, энергетика, құрылыс және сәулет, ауыл шаруашылығы саласында мемлекеттік қызметтер регламентінің 44 жобасын еш ескертпе-сынсыз мақұлдады.

«Қоғамдық көлік жұмыстарын жақсарту, көше-жол торабын және тұрақ инфрақұрылымы нысандарын дамыту мәселелері» бойынша қоғамдық тыңдау өтті.

Қоғамдық кеңесөз құзыры шегінде азаматтардың арыздарын қарайды. Өткен уақыт ішінде азаматтардың және заңды тұлғалардың 11 арызы қаралды.

**Қоғамдық мониторинг және сараптама өткізу туралы деректер жоқ.**

## Алматы қ. қоғамдық кеңесі

Қоғамдық кеңестің деректері бойынша, толық құрамда 3 мәжіліс, 12 төралқа отырысы өткізілді, қаланың түрлі әлеуметтік маңызды өмір сүру мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер жобаларының 52 ұсыныстары әзірленді, «ТКШ туралы заң» заңын жетілдіру бойынша ұсыныстар көтерілді, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экстремизмге және терроризмге қарсы күрес мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

заң жобасының қортындысы жасалды. ҚК 20 өтініштері/ұсыныстары мемлекеттік органдарға жолданды (Алматы қ. әкімдігінің салалық басқармаларына -11, Алматы қ. ішкі істер департаментіне - 1), 4 хат Алматы азаматтарының ПИК заңсыз қызметі бойынша арызданған арыз-шағымдары Алматы қ. аудандық прокуратурасына жіберілді. Жауаптар заңмен белгіленген мерзім – 1 ай ішінде алынды.

Азаматтардың арыздарын қабылдау және талдау жүйелі түрде жүргізіледі. 137 арыз-шағымдар қабылданды, сұрақтардың дені – ПИК, ЖТҚ бойынша жер бөлу, сервистік компаниялардың қызметіне шағымдану және т.б. Азаматтардың ұсыныстары бойынша Алматы қ. бюджеттік бағдарламасына зерттеу жүргізілді, қоғамдық тыңдаулар, Алматы қаласының сегіз ауданының Жергілікті өзін-өзі басқару комитеті төрағаларымен кездесулер ұйымдастырылды.

Берілген ақпараттарға қарағанда, Алматы қ. ҚК өз қызметінде қоғамдық бақылаудың барлық формаларын пайдаланады:

**қоғамдық мониторинг** – бюджеттік бағдарламалардың келесідей бағыттары процесінде: «балаларға арналған қосымша білім беру», «жетімдерді, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру», «Бизнестің жол картасы -2020» бизнеске қолдау көрсету және дамудың біртұтас бағдарламасы аясында жеке кәсіпкерлікке қолдау көрсету», «Амбулаториялық емдеу деңгейінде азаматтардың жекелеген санаттарын жеңілдік шартымен дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету», «мүгедектерді әлеуметтік қорғау»;

**қоғамдық тыңдаулар** - Алматы қ. ПИК қызметі бойынша, Алматы қ. ақылы тұрақтардың бірыңғай автоматтандырылған жүйесін енгізу бойынша және Алматы қаласында төтенше жағдайларды ескертудің пәрменді жүйесі туралы 3 қоғамдық тыңдаулар өткізілді;

**қоғамдық сараптама**- «Алматы қ. ақылы тұрақтардың бірыңғай автоматтандырылған жүйесін енгізу бойынша», «әл-Фараби даңғ. сол жаққа бұрылу және батыстан шығыс бағытына кері бұрылу үшін тоннель түріндегі кері бұрылатын өтпезол салу»;

**мемлекеттік орган жұмыстарының нәтижесі туралы есепті тыңдау** – мемлекеттік органдардың жетекшілерінің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, оның ішінде Алматы қ.әкімінің 20 есебі тыңдалды.



## Ақмола облысының қоғамдық кеңесі

Қоғамдық кеңестің 14 отырысы өтті, онда ішкі және қоғамдық мәселелер шешілді. Мәжілістердің негізгі нысаны мемлекеттік құрылымдардың өз қызметтері туралы **есептерді тыңдау**, НҚА талдау. Қызмет нәтижелері бойынша, мемлекеттік органдарға 300 ұсыныстар, жетілдіріп жасауға 50 астам НҚА жөнелтілді.

Жер реформасы бойынша бір **қоғамдық тыңдау** болды, одан кейін «Жайылым туралы» заң жобасының жер кодексіне түзетулер енгізілді, республикалық жер комиссияна заңға толықтырулар енгізу бойынша ұсыныс жасалды және жолданды.

Қоғамдық бақылаудың **мониторинг және сараптама деген түрлері әзірше өңірде өткізілген жоқ.**

Тұрғындардың өтініш түсіру саны туралы ақпарат жоқ.

## Ақтөбе облысының қоғамдық кеңесі

Аталған кезең ішінде Қоғамдық кеңес 4 мәжіліс өткізді, онда меморган қызметтерінің тиімділігі, мемқызметтердің сапасы, бюджет қаражатының мақсатты орындалуы, мемлекеттік және өңірлік әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларының орындалуы қаралды. Отырыстардың бірі өзекті тақырып «Терроризм және сыбайластық жемқорлық» мәселесіне арналды. Өлім жазасынан мораторийді алып тастау және сыбайлас жемқорлық қылмыс үшін жазаны қатаңдату мәселелері тереңдетіп зерттелді. Жер және Ақтөбе қ. экологиялық жағдайы туралы мәселелер талқыланды. Жер туралы мәселе бойынша халықтың пікірі естірту және ескеру мақсатында ҚК мүшелерінің қатысуымен азаматтарды қоғамдық қабылдауды ашуға шешім шығарылды.

Мемлекеттік құрылымдар 4 өтініш жолданды, оның екеуі экология саласына қатысты.

Өңір халқы өз үндеулерінде қауіпсіздік, қызмет сапасы, табиғи монополиялар қызметтерінің тарифтері, бағаның өсуі, оның ішінде азық-түлікке, ШОБ дамыту, ЖТҚ үшін жер телімін бөлу, жұмысқа орналастыру мәселелерін көтереді.

ҚК мүшелері көрсеткендей, қоғамдық бақылау құралдарының ішінен **қоғамдық тыңдаулар** өткізілді, онда терроризм және сыбайластық жемқорлыққа қарсы күрес шараларын күшейтуге қатысты заңға өзгертулер енгізу туралы бастама жолданды.

ҚК мүшелері **қоғамдық мониторинг** қызметіне дәріханаларда бағаға бақылау жасау, емханаларда қызмет көрсету сапасын, жол жұмыстарының сапасын қадағалауды жатқызды.

**Қоғамдық сараптама** көтерілмеді және жүргізілмеді.

### Алматы облысының қоғамдық кеңесі

Облыстың қоғамдық кеңесі 2016 жылдың 29 ақпан 3 қараша аралығында тыңдаулар ретінде 13 отырыс өткізді, орташа алғанда үш аптада 1 мәжіліс өткізіліп тұрды.

**Жариялы тыңдаулар 13 рет өткізілді:** ҚР Үкіметі қаулысының 1 жобасы, азаматтардың құқықтары, еркіндіктері және міндеттеріне қатысты жергілікті өкілдіктер мен атқарушы органдардың 155 НҚА жобалары, олардың ішінде: облыстық мәслихаттар шешімінің 12 жобасы, облыс әкімдігі қаулыларының 23 жобасы, мәслихаттар мен облыс әкімдігінің бірлескен шешімдерінің 5 жобасы, қалалық және аудандық мәслихаттардың 78 жобасы, қалалық және аудандық өкілдіктер қаулысының 37 жобасы.

Келесі мәселелер бойынша **қоғамдық мониторинг** өткізілді: 1) Алматы облысында дәрі-дәрмектердің бағасы, Алматы облысында денсаулық сақтау мекемелері тұрғындарға көрсететін тегін медициналық қызметтердің түрлері мен сапасы туралы; 2) Әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы нысандарының мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында Алматы облысында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы.

Облыстың қоғамдық кеңесі мемлекеттік органдарға, сондай-ақ аудан және қала әкімдеріне 13 ұсыныс жолдады.

Облыс әкімінің, облыстық мәслихат хатшысының, 5 облыстық басқармалардың және 1 департамен басшысының **есептері тыңдалды.**

**Қоғамдық сараптама** жүргізілген жоқ.

## Атырау облысының қоғамдық кеңесі

Облыстық қоғамдық кеңестің 13 жиналысы өткізілді. Күн тәртібінде: облыс әкімінің есебі тыңдалды, 2016-2018 жылғы облыстық, қалалық, аудандық бюджеттердің жобалары талқыланды, жаңа жер кодексі нормалары, жер қатынастары мәселелері нақтыланды, түсіндірілді, ҰБТ-ке дайындық шаралары, денсаулық сақтау жүйесінің ахуалы, санитарлық-эпидемиологиялық жағдай және фармацевтикалық қызмет туралы, экология мәселелері, көлікке және азық-түлікке бағаны тұрақтандыру.

Жергілікті және атқарушы органдардың азаматтардың құқықтары мен еркіндіктеріне қатысты 140-тан астам НҚА жобалары қарастырылды, қоғамдық кеңес мүшелері тиісінше ұсыныстар берді.

Су ресурстарын тиімді пайдалану мәселесі **бойынша қоғамдық мониторинг, қоғамдық сараптама жүргізіліп, жұмыс туралы есептер тыңдалды.**

Азаматтармен жұмыс істеудің екі нысаны қолданылды: қабылдау жұмыс істейді, элеуметтік желілерде ҚК ресми парақшалары бар, онда мәселер көтеріледі және талқыланады.

## Шығыс Қазақстан облысының қоғамдық кеңесі

Облыстық қоғамдық кеңестің жұмысы басталғаннан бері 15 отырыс өткізілді, оның 10-ы қоғамдық тыңдаулар форматында. 222 нормативтік құқықтық актілер жобалары қаралды және келісілді:

Жер заңы түсіндірілді, «Еңбекпен қамтудың жол картасы -2020» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру бойынша есептер, қоғамда сыбайластық жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру ақпараты қаралды.

Мемлекеттік органдарға 4 ұсыныс жіберілді, олар бойынша жауаптар 30 күн ішінде келді. ҚР Жер заңын, Кәсіпкерлік кодексті жетілдіру бойынша ұсыныстар көтерілді.

Халықпен жұмыс істеу үшін келесідей нысандар пайдаланылды:

- ҮЕҰ, саяси партия өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстелдер,
- телефонмен сауал жолдау,
- қоғамдық қабылдауларды пайдалау,
- ҮЕҰ, саяси партиялар өкілдерімен, тұрғындармен бірлескен рейдтар.



Қызмет көрсету кезеңі ішінде телефон қоңыраулары мен электронды почтаға хат жазу арқылы 43 арыз түсті. Арыздардың тақырыбы келесідей:

- Қаланы абаттандыру, рұқсат етілмеген күлтөкпелер;
- Дәрі-дәрмек бағасының өсуі, дәріханаларда тегін дәрілердің жоқтығы;
- Қоршаған ортаның ластануы;
- Жастарды еңбекпен қамту;
- Коммунальдық қызметтер тарифы;
- Өнеркәсіп кәсіпорындарының қоршаған ортаны ластауы;

Сауалнама көрсеткендей: қоғамдық кеңестің мүшелері қоғамдық мониторинг сияқты форма олардың қызметінде белсенді пайдаланылады деп санайды. Қоғамдық мониторингты респонденттер подразумевают проведенные «медициналық жабдықтардың қажеттілігін анықтау, көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасына қоғамдық бақылау жүргізу мақсатында Өскемен қ. денсаулық сақтау мекемелеріне рейдтер; мүгедектерге үшін жағдай жасау бойынша денсаулық сақтау және білім беру мекемелеріне рейд, дәрі-дәрмектер мен азық-түлік өнімдерінің бағасына мониторинг жүргізу».

Жоғарыда айтып өткеніміздей, ШҚО ҚК 10 қоғамдық тыңдаулар ұйымдастырды және өткізді. Тақырыбы: НҚА жобаларын талқылау, жер заңын түсіндіру, ШҚО Қоғамдық кеңестің жұмысшы сараптау тобының жоспарын қарау, ШҚО Қоғамдық кеңес төрағасының «2016 жылғы 1 жарты жылдықтағы ШҚО Қоғамдық кеңес қызметі туралы» ақпараты тыңдау, Ұлан ауданының Окуньки және Сартымбет өзендерінде демалысты ұйымдастыру мәселесін қарау.

Қоғамдық кеңесте мемлекеттік құрылымдардың жұмыстары туралы есептерді тыңдау қоғамдық бақылаудың формасы ретінде пайдаланылады. Есептер тыңдалды: ШҚО денсаулық сақтау басқармасы бастығының облыста ОДА мен ФАП-дың медициналық жабдықтармен жарақтандырылуы туралы, ШҚО ІІД жергілікті полиция қызметінің бастығының 2016 жылғы жұмыс жоспарының орындалуы туралы, ШҚО еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламалырды үйлестіру бағдарламасының бастығы «Еңбекпен қамту жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырылуы туралы. Атқарылған жұмыстар туралы есептерді тыңдау ШҚО ҚК жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілді.

Жұмыста қаржыландыру болмағандықтан қоғамдық бақылаудың **қоғамдық сараптама** формасы пайдаланылған жоқ.

## Жамбыл облысының қоғамдық кеңесі

Ақпан-қазан кезеңі аралығында 18 отырыс өткізілді. Күн тәртібінде: жер кодексі бойынша түсіндірулер; жаңа оқу жылының басталуы алдында мектепке даярлық; бюджет қаражатын тиімді пайдаланбау; халықты коммунальдық қамтамасыз ету: су, газ, жылу; құқық бұзу және т.б

Көктем кезінде халықтың негізгі арыздары жер қатынастарымен қатысты болды. Азаматтардың басқа арыздары тіркелмеген.

Қоғамдық бақылаудың меморгандардың **есептерін тыңдау, қоғамдық тыңдаулар және мониторинг формасы пайдаланылды.** Қоғамдық тыңдаулар бір рет өткізілді, тақырыбы: мүмкіндігі шектеулі азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін жүзеге асыру. Мониторинг, сондай-ақ, бір рет мына тақырып бойынша өткізілді: бюджет қаражатын игермеу. Тыңдаулар мен мониторингтің жалғасқан қортындысы, ұсынысы жоқ.

## Батыс Қазақстан облысының қоғамдық кеңесі

ҚК қызметі кезінде 10 жиналыс өткізілді. Экология, коммунальдық қызметтер шығындарының тарифы, мектепке дейінгі мекемелерде балаларды бағу құнын бекіту, Нұрлы жол бағдарламасының орындалу сапасы, мемлекеттік сатып алулар бойынша заңды жетілдіру және т.б

Кейінгі уақытта мемлекеттік органдарға 10-нан артық арыз жіберілді. Барлық жауаптар дер уақытында және толық көлемде алынды.

Қоғамдық ұйымдардан 5 мәселе келіп түсті: Нұрлы жол бағдарламасы бойынша жолдарға жөндеу жүргізу сапасын мониторингтау, елді мекендерді және көшелердің атауларын өзгерту, қалалық мола аумағын абаттандыру, полиция жұмысының тиімділігі, облыс бюджетін құрылысқа немесе әлеуметтік бағыттағы нысандарды жөндеуге жұмсау бойынша шешімді қоғаммен келісе отырып қабылдау мәселесін қарастыру.

Өңір ҚК **қоғамдық тыңдаулар** өткізген жоқ. Алайда, облыс экологиясы мәселелері бойынша тыңдаулар өткізу жоспарында бар. Экономика бойынша комиссия жұмысында мониторинг жүргізу үшін сарапшылар тобы құрылды, олар зейнеттегі және ҮЕҰ мамандарынан құралған. Қазіргі күні ҚК-тен қоғамдық мониторинг және сараптама өткізілмеді.

ҚК барлық мәжілістері жарияланады, үстіміздегі жылдың сәуір айында облмәслихатта ҚК қоғамдық қабылдауы құрылды және жұмыс істей бастады. ХҚКО-нда облыс азаматтарының өздерін толғандыратын мәселелерін, меморгандардың жұмыстарына шағымдануға және ұсыныс айтуға арналған үш урна тұр, оны кейін ҚК қарайды.

## Қарағанды облысының қоғамдық кеңесі

Қоғамдық кеңес құрылғаннан бастап 8 отырыс, бір кеңейтілген отырыс, 18 Комиссия отырысы болып өтті.

Қазіргі таңда 5 комиссия құрылып, өзінің жұмысын атқаруда.

Қоғамдық қабылдау мен osko.kz сайты жұмыс жасайды.

206 нормативтік-құқықтық актілер қарастырылған.

Электронды почта және телефон арқылы 130 жолдау қабылданды.

Басты қараластын мәселелер - тұрғын үй коммуналдық кешені, су сапасы, экология, электр қуатының тарифі, медициналық қызмет көрсету, жолдардың жағдайы.

Әр отырыста мемлекеттік органдардың есебі тыңдалады, соның ішінде Қарағанды облысының әкімінің есебі де бар.

«Республикалық Комиссия қарастыратын жер реформасы мәселелері бойынша» кеңейтілген отырыс болып өтті.

Әділет министрлігіне ұсыныстар берілді: барлық НҚА қарастырудың нормаларын алып тастау, өңірлік Қоғамдық кеңестерге НҚА жайлы ұсыныстарды ҚК арқылы беру.

Қоғамдық мониторинг, тыңдаулар, сараптама өткізілген жоқ.

## Қостанай облысының қоғамдық кеңесі

Бірінші жарты жылдықта қоғамдық кеңес 9 жиналыс және бес қоғамдық тыңдаулар өткізді. Кеңес отырыстарында 50 мәселе, қоғамдық тыңдауларда 300-ден астам нормативтік құқықтық актілер және қоғамдық мүддені білдіретін бірқатар өзекті мәселелер талқыланды:

облыс әкімі А.Б. Мұхамбетовтың 2015 жылғы облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы және 2016 жылға арналған даму болашағы туралы есебі;

2016 жылғы облыстық бюджетті жүзеге асыру барысы;

Қостанай облысында есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін тауарлық газды 2016-2019 жылдары тұтыну нормалары туралы;

Қостанай қ. жолдарының жағдайы;

Қазақстан Республикасы Жер кодексіндегі өзгертулер бойынша кейбір өзекті мәселелер туралы;



Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен мораторий жарияланған республиканың Жер кодексінің бірқатар ережелеріне қатысты мәселелерді түсіндіру бойынша жұмыстарды күшейту туралы (облыс әкімі А.Б. Мұхамбетовтың және республиканың Ауыл шаруашылығы министрі А.Б. Мырзахметовтың қатысуымен)

Қазақстан Республикасы білім жүйесін реформалау: Қостанай облысы орта білім беру жүйесінің мәселелері, проблемалары, оны шешу жолдары.

Қоғамдық кең қамтылған мүддені қозғайтын мәселелер бойынша азаматтық қоғамның пікірін зерттеу мақсатымен жақын уақыттарда қоғамдық тыңдауларға келесідей тақырыптарды шығару ойластырылуда: Қостанай облысы «Алтын дала» табиғи резервиатының Тосынқұм кластері телімін «Байқоңыр» ғарыш айлағынан жіберілген «Союз-2» ғарыш кешені зымыранының бірінші бөлігі құлайтын аудан ретінде пайдалану мүмкіндігі және «Қостанай облысында сақтандыру медицинасын енгізу мәселелері туралы».

### Қызылорда облысының қоғамдық кеңесі

Сауалнамаға қоғамдық кеңестің төрағасы мен хатшысы қатыспады, ал об-ләкімдік сайтының ҚК парақшасында бірінші жарты жылдықтың есебі жоқ, ҚК қызметі туралы кеңейтілген ақпарат алу мүмкін болмады.

ҚК мүшелері осы кезең ішінде 13 отырыс өткізілгенін хабарлады, оның барысында мемлекеттік құрылымдардың есептері тыңдалды. Медициналық қызмет, білім беру мәселелері талқыланды. Бюджет жобасын талқылау кезінде ҚК мүшелері жобаға өңір үшін өмірлік маңызды бюджетке көпір құрылысы салуға арналған қаражат салу туралы толықтыру енгізді.

Халықпен жұмыс істеу үшін кері байланыс формасы қолданылады.

ҚК жұмысында қоғамдық бақылау механизмдері пайдаланылмады.

### Маңғыстау облысының қоғамдық кеңесі

Үстіміздегі жылдың бірінші жарты жылдығында Қоғамдық кеңестің 16 отырысы өткізілді, онда келесідей мәселелер қаралды: келіп түскен нормативтік-құқықтық актілер, облыс әкімінің «Өңірдің 2015 жылға арналған әлеуметтік-экономикалық даму нәтижесі туралы» есебі; жер қатынастары мәселесі; «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25-жылдығы аясында бұқаралық-саяси және қоғамдық-мәдени шараларды ұйымдастыру бойынша құзырлы органдардың есебі туралы»; «Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас

жемқорлыққа қарсы стратегиясы»; «Өңірде шағын және орта бизнесті дамыту жағдайы туралы: проблемалық мәселелер және оны шешу жолдары», «Облыс аумағында сумен жабдықтау және су айыру жүйесін жетілдіру бойынша шаралар туралы». Аталған мәселелерді талқылау кезінде қоғамдық кеңестің мүшелері облыста су тазартатын зауыт салуды ұсынды.

Жер қатынастары мәселері мен оның негізгі ережелерін ел арасында кеңінен талқылау үшін облыстың барлық 5 ауданы мен 2 қаласында үстіміздегі жылдың 23 мамырдан 7 маусым аралығында көшпелі мәжілістер өткізілді. Жер кодексі мәселелерін түсіндіру кезінде 90 ұсыныс түсті, олар Республикалық комиссияға жолданды.

Облысты қоғамдық кеңеске азаматтық қоғам өкілдерінің(сандары, халықпен жұмыс істеу тәсілі көрсетілмейді) атынан арыздар түсті. Жастардың жұмыспен қамтылуы, өңірді дамытуыдың проблемалары мен болашағы азаматтардың алаңдаушылығын туғызады.

### Павлодар облысының қоғамдық кеңесі

Павлодар өңірінде облыстық қоғамдық кеңестің 8 отырысы өткізілді. Олардың бесеуі жер реформасына арналды, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі адамдарға қызмет көрсету және оларды медициналық айықтыру, білім беру нысандарын бәсекелестік ортаға жататын тізімнен алып тастау және т.б мәселелер қаралды.

Қазіргі күні 5 ұсыныс мемлекеттік құрылымдарға жолданды, алынған жауаптар туралы да, бұл ұсыныстардың мазмұны туралы да ақпарат жоқ.

Азаматтардан бар-жоғы 8 арыз түскен, олардың бәрі баспана мәселесіне қатысты.

Қоғамдық кеңес **қоғамдық тыңдаулар, қоғамдық мониторинг және сараптау экспертизу өткізген жоқ**. Облыс әкімінің және облыстық мәслихат хатшысының **есептерін тыңдау** жыл басында өтті.

### Солтүстік Қазақстан облысының қоғамдық кеңесі

Областной совет в рамках своей деятельности провел 10 заседаний. ОсновныОблыстық кеңес өз қызметі аясында 10 жиналыс өткізді. Олардың негізгі жұмыс формасы есептерді тыңдау, НҚА талқылау және қабылдау, мемлекеттік қызмет регламенттерін талдау және т.б болды. Жауап беруді талап етпейтін 40 ұсыныс әзірленді.

Негізінен барлық мәжілістер қоғамдық тыңдаулар механизмін қолданумен өткізілді, жиналыстың аңдатпасы БАҚ-тарда, сайттарда жарияланды. Мониторинг және сараптама түріндегі қоғамдық бақылаудың басқа түрлері қолданылмады.

Қоғамдық кеңеске азаматтардан арыз түскен жоқ.

### Оңтүстік қазақстан облысының қоғамдық кеңесі

Үстіміздегі жылдың қараша айына дейін 13 отырыс өткізілді.. Келіп түскен НҚА жобалары қарастырылды, құрылымдық бөлімдердің есептері, соның ішінде Шымкент қаласының әкімдігінің бөлім басшыларының есебі қарастырылды. Барлығы мемлекеттік органдарға 3 қана ұсыныс жіберілді.

Заңнаманы жетілдіру бойынша ұсынысқа бастамашылық етілді, атап айтқанда жер кодексіне өзгерістер енгізу ұсынылды.

Азаматтардан 2 ғана өтінім қабыладанды: қоғамдық көлік және жол үстіндегі тілемсектер мәселесі көтерілді.

Қоғамдық мониторинг, тыңдаулар және сараптама өткізілген жоқ.

### Түйіндеме:

Сөйтіп, әрбір облыстық қоғамдық кеңес өздерінің өкілеттіктерін орындауға кірісті, бұл жағдайда ең көп таралған қызмет түрі есептерді тыңдау, НҚА жобаларын, бағдарламаларды, бюджеттерді талдау, ұсыныстарды әзірлеу және кеңес комиссиясының ішкі жұмыстары болды. Өткізілетін жиналыстар мәселелері мен тақырыптары айтарлықтай әралуан, көптеген әлеуметтік маңызды салаларды қамтиды, әрбір нақты өңірдің мұқтаждықтарына бағытталған. Атап айту керек, көктемде жер кодексіне қатысты жаңа өзгертулерге байланысты қоғамдық наразылықтар туындағанда, әрбір облыстық қоғамдық кеңесте осы мәселе бойынша жиналыстар өткізілді., халықтың пікірі мен ұсыныстары ескеріле отырып НҚА әзірленді, кейбіреулерін жинау үшін қабылдаулар ашық тұрды. Күн тәртібінде маңызы одан төмен емес терроризм қауіпімен байланысты мәселелер, мемлекеттік қызметтер сапасы мәселелері, ТКШ проблемалары және т.б тұрды.



Қоғамдық кеңес жетекшілері атап өткендей, әрбір мәжілістерден кейін мәлімдеме, қарар, ұсыныс түрінде барлық құжаттар әзірленеді, олар тиісті мемлекеттік құрылымдарға жолданады. Мониторинг кезінде біздің байқағанымыз, көп жағдайда қарарлар «Ұсыныс жоқ» белгісімен мақұлдаған сипатта болып келеді. Қоғамдық кеңес мүшелерінің өздері бұл мәселелерді егжей-тегжейлі зерттеу үшін кей жағдайларда құзіреттілік, терең талдау, халыққа сауалнама жүргізудің социологиялық деректері және т.б жетіспеушілігін айтады, сондықтан сараптамалық қортынды жасау мүмкін емес. Бұл кезекті рет талдауға тиісті құжатты екі ұшты түсіндірген жағдайда, сырттан сараптамалық әлеуетті шақырту үшін қоғамдық бақылаушараларын жүргізудің қажеттілігін тағы бір растай түседі.

Өңірлік үйлестірушілерге мониторинг жүргізгенде, оның ішінде Алматы қ., СҚО, Ақтөбе облысында жиналыс өткізу барысында қадағалау тәсілі қолданылды. Мәжілістер күн тәртібіне және регламентке сай, дауыс беру арқылы келісу және бекіту процедураларына сәйкес аталып өтті. ҚК мүшелерінің саны отырыстарда жалпы санның 2/3 құрады. Солтүстік Қазақстан облысының бақылаушылары мәжілістер күн тәртібі өте жүктелгенін атап өтті, ол 6-7 маңызды, түрлі бағыттағы мәселелерден тұрады. Соның нәтижесінде талқылау тиімділігі жоғары болуы мүмкін емес. Мұндай жағдай көпшілік өңірлерде қалыптасқан, егер жиналыс кезінде екі сағат ішінде түрлі тақырыптардағы көпшілік сұрақтарды талқылау керек болғандықтан, ол қабылданатын шешімдердің сапасына кері әсерін тигізеді.

**Қоғамдық кеңестердің қызметі жүйелік сипатта болуы тиіс, оның негізі ретінде егжей-тегжейлі әзірленген жылдық жоспар қызмет етеді. ҚК мүшелерінің өздері болашақта жоспарлау процесін қоғамның мүддесін ескеретіндей неғұрылым ашық қылу, өздерінің қызметтерінен күтетін нәтижелердің тиімді көрсеткіштер мен индикаторларын әзірлеу қажет деп санайды. Сондай-ақ, ҚК мүшелеріне сауал салған кезде, олар мәжілісті хабарлау процедурасы неғұрылым түсінікті және қолайлы, ҚК мүшелері өздерінің уақыттарын тиімді жоспарлай алатындай, «шамадан тыс жұмысбасты» болмауын және хабар кешігіп жеткенде де барлық жиналыстарға қатысуын қалады.**

16 облыстық қоғамдық кеңестердің әрқайсы қоғамдық бақылау есептерді тыңдау формаларын пайдаланады; тоғыз өңірде өздерінің қызметінде қоғамдық тыңдаулар механизмдерін пайдалану тәжірибесі бар; алтауы - қоғамдық мониторинг өткізу; екеуі – қоғамдық сараптама өткізу. Басқа өңірлерде қазіргі күні бұл механизмдер ойластыру немесе жасалу кезеңінде. Қоғамдық бақылау құралдарын пайдаланудың қиындықтары туындауы келесідей себептермен байланысты болады:

ҚК жұмыстары мерзімінің айтарлықтай аздығы;

азаматтар тарапынан да, ҚК тарапынан да бастаманың жоқтығы;

көрсетілген шараларды жүргізуге құзіретінің жетіспеуі;

сараптаушы пулді тарту үшін қаржыландырудың болмауы.

**ҚК туралы заң 20 бап 5 т, 21 бап 4 т, 23 бап 3 т. қоғамдық кеңестер қызметтерінің қоғамдық бақылау жүргізген нәтижесі бойынша қортындылар, ұсыныстар, қортынды қаттамалар, қарарлар құрылатынын жазады.** Қазіргі күні мұндай қызметтерді жүргізген қоғамдық кеңестердің сайттарында/парақшаларында Қоғамдық кеңестердің қызмет мазмұнын, азаматтарға проблемалық жағдайлар анықтау мен мемлекетке оларды өзгерту бойынша ұсыныстар жасау арқылы қабылданатын шешімдерге әсер ету мүмкіндігін көрсете алатын бұған ұқсас материалдар жоқтың қасы. Қортындыны, ұсыныстарды әзірлеу және жариялау ҚК қызметінің өнімі болып табылады, ол да оның тиімділігі мен нәтижелігін анықтайды, ҚК имиджіне, азаматтардың ҚК қызметіне деген қызығушылығының артуына әсер етеді.

Қоғамдық бақылау қоғамдық кеңестердің процестерді демократияландыру, азаматтардың шешім қабылдауға қатысу, шешімдерге бақылау жасау құқықтарын жүзеге асыруға бағытталған маңызды функцияларының бірі болып табылады және 2017 жылы, өкілеттіктің екінші мерзімінде, бұл әдістер әр өңірде белсенді қолданылады деп сенеміз.

## 2.4. Өңірлік қоғамдық кеңестердің ақпараттанушылық, жариялылық, ашықтық мәселелері.

Облыстық қоғамдық кеңестердің азаматтармен, өңір халқымен өзара байланысты болуына аса назар аудартқымыз келеді. ҚК туралы заңның 1 бөлім 3 бабында қоғамдық кеңестердің мақсаттары мен міндеттері нақты айтылған. Мәселен, «мақсат азаматтық қоғамның қоғамдық маңызды мәселелер бойынша өз пікірін білдіруі болап табылады», ал оның міндеттерінің бірі «шешім қабылдар кезінде қоғамның мүдделерін ұсыну мен пікірін ескеру...». Өңірлердің барлығында азаматтармен арадағы қарым-қатынас қоғамдық кеңестердің мүшелеріне тікелей қолжетімді «оффлайн» жағдайында емес. Қоғамдық қабылдаулар ашық жерлерде олар, негізінен, партиялар мен мәслихаттардың қабылдауларын қайталайды. Азаматтардың қоғамдық кеңестерге қандай мәселелер бойынша арыздана алатындығы аяғына дейін түсінікті емес. Мәселен, 5 бап.1 тармақ. 6 тармақшада ҚК «мемлекеттік басқаруды жетілдіру мен мемәпараттың ашық жұмыс істеуін ұйымдастыру, оның ішінде қызметтік этика нормаларын сақтау мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың арыздарын қарайды» деп айтылған. Өңірлердегі тәжірибе көрсеткендей, азаматтар көпшілік жағдайда жеке арыз-шағымдарымен келеді.

ҚК жұмысында қабылдаудан басқа, қаланың қолжетімді нүктелерінде «урналар» арқылы, әлеуметтік желілер немесе сайттар, халықпен жеке барып кездесу арқылы ұсыныстарды жинау байланыс формасы сирек кездеседі.

Барлық өңірлерде Қоғамдық кеңестер өздерінің жұмыстарын насихаттау үшін жергілікті БАҚ-тардың қызметтеріне жүгінгенімен, азаматтардың ҚК арыздану көрсеткіштерінің төмендігі, ақпараттандырудың бұл әдісі жеткіліксіз екенін көрсетеді, олар халықтың назарын аударуға және қызығушылығын арттыруға қабілетті емес. Халықпен коммуникацияны жалғау үшін бірқатар шарттарды атқаруға қабілетті тиімді қарым-қатынас түрін орнату қажет, бәрінен бұрын тұрғындарды келесідей сәттерде ақпараттандыру қажет:

- қоғамдық кеңестер құрамында;
- арыз түсіруге болатын жердің орны, уақыты, почталық және электрондық мекенжайлары, телефондары;
- қызметтің мақсаты, жоспары, қоғамдық кеңестің жұмыс уақыты
- арызды қандай формада дайындаған дұрыс( арызға назар аударыңыз)
- қандай бағыттар, салалар бойынша ұсыныс жасауға болады.



- халықтың түсінігіне жақын формада қызметтің мазмұнын көрсететін нәтижелерді хаттама, қортынды, ұсыныс және т.б. беру.

Сонымен бірге, азаматтарға ҚК мүшелерінің өздері сияқты ақпараттарға қолжетімділік қамтамасыз етілуі керек. Қоғамдық кеңес мүшелері мәжіліс өткізу үшін облыстық әкімдікте орын бөлгенде азаматтар оған кіре алмай қалғандығы туралы мысал айтады. Өйткені әкімдікке кірудің белгілі бір процедуралары бар (тізімді алдын ала келісу және т.б.).

Азаматтарды интернет арқылы ақпараттандыруға қатысты бірқатар пікірлер бар. Қоғамдық кеңестер туралы ақпарат, негізінен, облмәслихаттардың немесе облыстық әкімдіктердің сайттарында ҚК парақшаларында жарияланады. Көпшілік облыстық қоғамдық кеңестер ақпараттардың ең аз бөлігін жариялаған, атап айтқанда: ҚК құрамы, комиссиясы, ережесі. Жарияланған жоспарларды, күн тәртібін жиі көре алмайсыз; бірінші жарты жылдықтың есебі одан да сирек жарияланды, сондай-ақ сайттардың барлығы бірдей халықпен кері байланысты қарастыра бермейді. Қортынды нәтижелердің, меморгандарға бағытталған мәлімдемелер мен ұсыныстардың, оның жауаптарының жарияланымдары мен басқа ақпараттардың жоқтығы көп сұрақ туғызады.

Облмәслихаттардың немесе әкімдіктердің сайттарында ҚК өз парақшалары болмайтын мысалдар да кездеседі, ал ҚК қызметтері туралы ақпараттар жалпы ақпараттар шолуында жаңалықтар ретінде беріледі, ол ҚК туралы ақпаратты іздеуді айтарлықтай қиындата түседі. Мысалы, Павлодар облысының облмәслихатының сайтында қоғамдық кеңестің жеке парақшасы жоқ, барлық жарияланған ақпараттар- ҚК құрамы және 1-2 жаңалық. Мұндай жағдай Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарында да орын алған.

Сөйтіп, ақпараттандыру процесі, жарияланымдардың сапалық мазмұны, ұсынылған сайттарда ақпараттарды жеңіл әрі жедел табу – бұл мәселелердің бәрі ҚК қызметі туралы қоғамның ақпаратпен неғұрылым қамтамасыз етілуі оған назар аударуды және шешімдерді қажет етеді.

**Ашық көздерден және ҚК сауалнамаларынан талдау жасау негізінде қалыптастырылған халықтың жеткіліксіз ақпараттандырылуы туралы қортындылар мен азаматтарды қызмет процестеріне жұмылдыру ҚК мүшелерінің өздерінің пікірлерімен расталады. Сұхбат жасау кезінде респонденттерге өздерінің ҚК қызметтерін төрт көрсеткіш бойынша 5-балльдық шәкілмен бағалаулары сұралды: тиімділік, ашықтық, жариялылық, автономдық. Оның нәтижесі төмендегідей:**

Облыс	тиімділік	ашықтық	жариялылық	автономдық
Астана қ.	4	4	4,2	4
Алматы қ.	3,3	4	3,8	3,3
Ақмола	4,1	4,4	4,2	4,2
Ақтөбе	2,7	3	2,7	2,3
Алматы	3	3,5	3,5	3
Атырау	4	4,8	4,6	4,3
ШҚО	4,2	4,7	4	4,4
Жамбыл	3,2	4	4	3,3
БҚО	4	4	4	3,7
Қарағанды	3,8	3,8	4	3,8
Қостанай	3,2	3,6	4	3,6
Қызылорда	3,2	3,6	3,2	3,2
Маңғыстау	4	4	3,2	3,2
Павлодар	2,8	2,9	2,8	2,6
СҚО	3,8	3,6	3,2	2,6
ОҚО	4	3,9	3,9	4

## 2.5. Өңірлердегі қоғамдық кеңестердің жұмысын жетілдіру бойынша ұсыныстар

Қоғамдық кеңестердің жұмысының қазіргі сәтте жаңа заңнаманың негізінде мемлекеттік құрылымдармен де, сондай-ақ азаматтық аймақтармен де өзара әрекет етудің қалыптастырылған, нақышталған процедуралары мен механизмдері бар. Әрине, қоғамдық кеңестің «бірінші шақырылымы» мүшелерінің көпшілігінің осы құралды қоғамдастықтың қабылданатын шешімдерді сапалы, тиімді және қоғамға пайдалы деңгейге ықпал етеді деген пікірлері сияқты қалыптасқан күшті жақтары да бар. Осындай пікірлермен ғана қоғамдық кеңестің азаматтық бөлігі өкілдерінің көпшілігі осылай қол жеткізді. Қоғамдық кеңестер аймақтық деңгейлерде қолдау тапты, өз аймақтарында қабылданатын әлеуметтік-маңызды шешімдерге белгілі бір ықпалы бар. Сондай-ақ қоғамдық кеңестер солардың қолдауымен жұмыстарын жүргізетін әкімдіктер мен мәслихаттар осы институттың анағұрлым өз бетінше әрекет етуіне, олардың жұмысының тиімділігін және жалпы алғанда, аймақтағы өмір сүру деңгейін көтеруге мүдделі болады. Әрине, жұмыстың өзгерістерді, жақсартуды және қалт етпей бақылап отыруды талап ететін жақтары да бар. Бұл қоғамдық кеңестердің ішкі ұйымдастырушылық мәселелері,

халықпен өзара әрекет ету процедуралары, имиджін көтеру, жариялы және ашық болуы.

Осылай, бірінші сабақтар алынды, солардың негіздерінде Қоғамдық кеңестер, сонымен қатар, әкімдіктер мен мәслихаттардың атынан уәкілетті органдар блоктар бойынша топтастырған аймақтық қоғамдық кеңестердің жұмысының тиімділігін және өнімділігін арттыру үшін өздерінің ұсыныстарын жасады.

## 1 блок

### ҚК мүшелерін сайлау және алмастыру тәртібі:

- Заңнамалық негізде Қоғамдық кеңестің құрамына кеткен мүшесінің орнына жаңа сайланған мүшесін қосу, сонымен қатар, алдыңғы өкілеттіктің үш жылдық мерзімі өткен соң кейінгі Қоғамдық кеңестер құру механизмі мен процедурасын нақтылау;
- Қоғамдық кеңестің әрекет етуші мүшелерінің өкілеттігін табыстау арқылы жаңа мүшесін сайлау процедурасын жеңілдету;
- Қоғамдық кеңес жұмысын Заңда белгіленген мерзімде міндетті түрде жаңарта отырып, оның жұмысында бірізділікпен дәстүрлі болуын сақтау үшін ҚК мүшелерін алмастыру нормасын қарастыру;
- Заңнамалық негізде Үлгі ережеге ҚК мүшелерінің «әкімшілік жауапкершілігі» түсінігін енгізу;
- Заңның 15 бабы 2 тармағында келесі редакцияда баяндалсын: «2. Қоғамдық кеңестің мүшесі оның құрамынан денсаулығына қарай, осы Заңның 10 бабының 1 тармағында қарастырылған басқа негіздемелер бойынша оның жұмысына қатысуға мүмкіндігі болмаған жағдайда, сонымен қатар, Қоғамдық кеңестің мәжілісіне күнтізбелік жылдың ішінде 3 реттен астам белгісіз себептермен келмеген жағдайда Қоғамдық кеңестің шешімімен мерзімінен бұрын шығарылуы мүмкін.»;
- Заңнаманы бірыңғай қолдану және бірыңғай тәжірибені әзірлеу мақсатында, кеңес мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру тәртібін қарастыра отырып, Үлгі ережеге Кеңестердің де, сондай-ақ олардың мүшелерінің де жұмысын егжей-тегжейлі реттейтін және өкілеттіктерін жүзеге асыратын толықтырулар енгізу қажет.



**Ресурстық база және қаржыландыру:**

- Заңнамалық негізде Қоғамдық кеңестердің жұмысына қаржылық және басқа да қолдау көрсету түрлерін қарастыру, атап айтқанда:
  - == 1-2 штат бірлігіне, оның ішінде ҚК хатшысы/секретариаты лауазымының жалақылары;
  - == Қоғамдық бақылау өкілеттіктерін орындау бойынша сарапшыларды тарту үшін қаламақы қоры;
  - == Аймақтарға көшпелі мәжілістер ұйымдастыру (іссапар, көлік);
- Өзінің материалдық-техникалық базасын, ғаламторға қосыла алатын оргтехникамен, телефон және ұялы байланыспен қамтамасыз ету;
- == Азаматтардың өтініштерін жүйелі қабылдауға арналған жайлар.
- ҚК-ны республикалықтан да, жергілікті бюджеттен де қаржыландыру мүмкіндігін іздестіру мүмкіндігі, ҚК жұмысы үшін резервті қор құру мүмкіндігі.
- Бірыңғай брэндбук: логотип, фирмалық бланк, мөртабан, визит карточкасын немесе Қоғамдық кеңестердің және олардың тұрақты комиссияларының мүшелерінің куәліктерін әзірлеу және дайындау.

**Көпшілік ортасында ҚК жұмысының қағидаларын қамтамасыз ету:**

- Барлық ҚК үшін ҚК ақпараттық жұмысы ретінде, сондай-ақ қоғамдастықпен тікелей байланыс ретінде бірыңғай вебпортал (сайт) құру;
- Құралдардың жан-жақты қамтамасыз етуде пайдаланылуын нақтылау (ғаламтор-кеңістігі мүмкіндіктерін кеңінен қолдану, әлеуметтік желілерде парақшалар, комиссия басшыларының блоктарын жүргізуді міндеттеу, сайттарда және әлеуметтік желілерде аптасына кем дегенде 1 рет жаңалық жолақтарын жаңартып отыру және т.б.);
- ҚК жұмысының нәтижелерін көрсете отырып өзекті, түсінікті материалдарды жариялау.

## Қоғамдық кеңестердің, оның ішінде Қоғамдық бақылау аясындағы өкілдіктері

- Қоғамдық кеңестердің шешіміне ұсыну емес, міндетті сипаттағы заңнамалық бастама күшін беру.
- ҚК-ыны НҚА жобаларын талқылаудан босату, себебі НҚА жобаларын талқылау жергілікті деңгейдегі мәслихаттардың НҚА жобаларын бекітуін толықтырады, сонымен қатар, электронды үкімет порталында жүргізіледі.
- Заңнамада қоғамдық бақылау – мониторинг, сараптама бойынша өкілеттіктер жүргізу механизмін егжей-тегжелі нақтылау. Қоғамдық мониторинг, қоғамдық сараптама жасаудың бірыңғай жүргізу әдісі мен нысанын әзірлеу.
- Заңның 18 бабын келесідей толықтыру – «ҚК мүшелері, сонымен қатар, өздерінің бастамасымен және ҚК тапсырмасы бойынша КЕҰ өкілдері және азаматтар жүзеге асырады».
- Аймақтық және республикалық деңгейлердегі сарапшылар базасын құру.
- Қажеттілігіне қарай қоғамдық кеңестер мүшелерін оқытуды жүргізу (ғаламтор-кеңістігінде жұмыс істеу, халықпен жұмыс технологиялары, бағдарламалармен және бюджеттермен жұмыс жүргізу және т.б.). Оқуды мүмкіндігінше 2-3 сағаттан (толық емес жұмыс күні) асырмай сараптама бағыттары бойынша жоспарлау.
- Ісқағаздарды жүргізу, атап айтқанда, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмыс жүргізу ұсыныстарын әзірлеу.
- НҚА қағидаларында нақтылау: қоғамдық бастамаларда жұмысты, автономиялық, өзін-өзі басқаруды, жалпыға белгілі және олардың мүшелерін кезең-кезеңмен алмастыруды. Тағы бір қағида – тұрақтылықты қосу.
- Қоғамдық кеңестердің өздері азаматтарды жұмылдырып және олардың мүдделерін ескере отырып жоспарлар әзірлеу, халықпен кері байланыс орнату.
- Мемлекеттік органдардың Кеңестің ұсыныстарын орындауы бойынша ҚК бақылау функцияларын күшейту.

## 2.6. Жалпы қорытындылар

*Заңнамалық базаның және аймақтық қоғамдық кеңестердің жұмысына жүргізілген мониторинг негізінде келесідей қорытындылар жасалды:*

**Біріншіден,** қоғамдық кеңестер жаңа азаматтық институт ретінде заңнамалық нормаларға сәйкес құрылған, ал нормалар қоғамның әр түрлі секторларының мүдделерін, әр түрлі көзқарастарды және пікірлерді сипаттайды. Азаматтық сектордың өкілдігі, атап айтқанда, мемлекеттік емес ұйымдар әлеуметтік мәселелерді шешуге халықты жұмылдыру және тарту бойынша сұқбат жүргізу алаңы, сондай-ақ ықпалды құралдар ретінде ҚК-ға көп сенім артады. Жұмысқа ынталандыруға ықтияр әдістерінің бірі ҚК қабылдайтын шешімдердің орындалуына тән мәселе болып табылады. Осы сәтте ұсыныстардың ұсынылуы, яғни міндетті еместігі бейуәждеу белгісінде болады, оларды өз жұмысының тиімді болуына мүдделі ҚК мүшелері атап көрсетеді. Аймақтық ҚК құрамына кірмеген адамдардың барлығы өзін-өзі уәждеп жұмыс істеуге дайын. Біздің ойымызша, ҚК құрамын олардан алынған ұйымдастыру тәжірибесі, жұмыс практикасы негізінде ҚК мүшелерінің өздеріне алған міндеттерін орындауға дайын екендіктерін ескере отырып жаңарту/алмастыру талап етіледі. ҚК құрамындағы үкіметтік емес сектор өкілдігінің үлесін мәслихаттар өкілдіктері есебінен көбейту тиімді және пайдалы болар еді.

**Екіншіден,** қаржылық қамтамасыз етудің болмауы қоғамдық мониторинг және сараптама ретінде осындай өкілеттіктерді орындау шамасына ықпал етеді, әкімшілік аппараттың болмауы ұйымдастырушылық функциялардың орындалуымен өзара байланысты: хабар беру, ісқағаздарды жүргізу, халыққа хабар беру, азаматтармен өзара әрекет ету және т.б. Сөйтіп, қаржылық қамтамасыз ету мәселелерінің шешімін талап етеді.

**Үшіншіден,** қоғамдық кеңестердің жұмысын реттейтін заңнамалық база қазіргі сәтте осы мәселелерді жетілдіруді және толықтыруды талап етеді, олар:

- Өкілеттіктерді, оның ішінде қоғамдық бақылауды іске асыру механизмдерін нақтылау
- Ұйымдастырушылық және қаржылық қамтамасыз ету
- ҚК мүшелерін алмастыру, міндеттері, жауапкершілігі
- Қоғамдық кеңестердің мәртебесі, легитимділігі



**Төртіншіден,** халықты Қоғамдық кеңестердің жұмысына жұмылдыру осы органның мақсаттары мен міндеттерін орындауда негіз болып қалады. Қазіргі сәтте қоғам ҚК жұмысы туралы көп білмейтіндігі, өзінің қатысуға ықыласы жоқтығы, қызықпаушылық үлкен орын алады. Тәжірибеден көрінгендей, өз жұмысында ғаламтор ресурстарын және басқа да жариялау құралдарын қолданбай, жергілікті мемлекеттік БАҚ арқылы қоғамға ақпарат жеткізу әдістерін пайдаланудың тиімділігі төмен. Қоғамдастықпен ҚК мақсаттары мен міндеттері туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу, нақты бір мысалдармен нақты бір сандық және сапалы көрсеткіштермен жұмыс нәтижелерін көрсету қажет. Қоғамдық аудитория үшін жарияланатын ақпараттың түсінікті және қолжетімді болуы қажетті. ҚК жұмысында жариялылық және ашық механизмнің анағұрлым жоспарлы түрде енгізілуі тиіс.

**Бесіншіден,** қазіргі сәтте осы құралдарды мониторинг, сараптама ретінде қолдану сияқты аймақтарда қолдану тәжірибесі кеңінен бола қоймады. Қоғамдық бақылау Қоғамдық кеңестердің жұмысының басымды түрлерінің бірі болуы тиіс. Осы бағытта ҚК сараптау потенциалы бар азаматтық ұйымдармен серіктестікте болуы қажет деп қорытындылауға болады.

## 2.7. Ұсыныстар мен ұсынымдар

### *заңнаманы толықтыру/өзгерту саласында:*

Қоғамдық бақылау өкілеттіктерін іске асыру механизмін нақтылау, атап айтқанда қоғамдық мониторинг пен сараптаманы: бастаманы ұсынған сараптау құрамын жүргізу әдісін, жасау нысанын және жұмылдыру сараптамасын тарта отырып.

Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыру және жүргізу тәртібінің Үлгі талаптарынан сөз сөйлеуге алдын ала тіркелуі қажеттігі туралы норманы, ал қоғамдық кеңестер мәжілістері мен жалпы тыңдауларды аса күзету нысандарына жатпайтын жайларда өткізу қажет.

Қоғамдық кеңестердің шешімдерін орындау үшін бақылау механизмдерінің құрылуын бақылау.

Нормативтік-құқықтық базада қоғамдық кеңестердің құрамынан коммерциялық емес ұйымдар құрамынан шығып қалған адамдардың мерзімінен бұрын шығуын реттеу.

НҚА-да қоғамдық кеңестің әрекет етуші мүшелерінің өкілеттіктерін жаңа мүшесіне табыстай отырып жеңілдетілген сайлау процедурасын қарастыру.

«Қоғамдық кеңестер мүшелерінің әкімшілік жауапкершілігі» түсінігін енгізу және ол денсаулығына байланысты және осы Заңның 10 бабының 1 тармағында қарастырылған басқа негіздемелер бойынша қатысуға мүмкіндігі болмаған, сонымен қатар, Қоғамдық кеңестер мәжілісіне күнтізбелік жылдың ішінде 3 реттен астам себепсіз жағдайлармен келмей қалған кезде қоғамдық кеңестер құрамынан мерзімінен бұрын шығару процедурасын қарастыру.

Заңнамамен коммерциялық емес секторының өкілдігі нормасын азаматтық қоғам өкілдігінің 80% мөлшерінде бекіту.

Мемлекеттік органның (бюджеттік бағдарлама администраторының) нақты бір бюджеттік бағдарламасын анықтау, ол арқылы республикалық және жергілікті деңгейде құрылған аймақтардағы қоғамдық кеңестерді қаржыландыру, қоғамдық кеңестерді қаржыландыру бойынша нақты бір бюджет түрімен қамтамасыз етіледі.

Қоғамдық кеңестердің әкімшілік штатының/ секретариатының жалақыларын қарастыру.

НҚА-да қоғамдық кеңестердің жұмысының легитимділігін қамтамасыз ету үшін қызметтік құжаттаманың ресми топтамасын: бланктер, мөртабандар, куәліктер және т.б. әзірлеуді қарастыру.

Қоғамдық кеңестердің жұмысына демеу көрсету үшін әдістемелік материалдардың, оған қоса жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен, сұранымдарымен жұмыс бойынша ұсыныстардың топтамасын әзірлеу.

Қоғамдық кеңестер туралы заңның 7 бабы 2 тармағының 3 және 4 тармақшаларында, 14 бабы 2 тармағында (немесе): «жылына екі реттен сиретпей бұқаралық ақпарат құралдары және интернет-ресурстар арқылы халыққа Қоғамдық кеңестің қызметі туралы ақпарат беруге», «өз қызметі туралы жылдық есепті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға және интернет-ресурсында орналастыруға», «ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және тиісті интернет-ресурстарда орналастырылады» деп жазылған.

Қоғамдық кеңестерге қоғамдық кеңестерге арналған [kazkenes.kz](http://kazkenes.kz) арнаулы веб-ресурсында тіркелуді және ақпаратты, оның ішінде қоғамдық мониторинг, сараптамалар, мәжіліс хаттамаларын жариялауды ұсынамыз.

### **Өңірлік қоғамдық кеңестерге ұсыныстар:**

Халықты, қоғамдастықты олардың ұсыныстары мен қажеттіліктерін ескере отырып жоспарлау үдерісіне кеңінен тарту қағидасымен кейінгі мерзімге Жұмыс жоспарын әзірлеу.

ҚК Жұмыс жоспарларында көрсетілетін, жұмысының нысаналы сапалы және сандық индикаторын әзірлеу.

Міндетті түрде, қоғамдық бақылау өкілеттігін, атап айтқанда: қоғамдық мониторинг, сараптама, қоғамдық тыңдауды ұйымдастыру және өткізу тәртібінің Үлгі талаптарының негізінде қоғамдық тыңдауды жүйелі негізде жүзеге асыру.

ҚК жұмысының жариялылығы бойынша заңнама нормаларын орындау, атап айтқанда: ҚК туралы заңның 14 бабына сәйкес халыққа қолжетімді және түсінетін тілде ақпарат беру, ҚК мақсаттары туралы түсініктеме жұмысын жүргізу.

Халыққа ақпарат беру үшін ғаламтор-кеңістігін барынша пайдалану, атап айтқанда: әлеуметтік желілерде ресми парақтарын құру, материалдарды [www.kazkenes.kz](http://www.kazkenes.kz) сайтында жариялау, қоғамдық кеңестер басшыларының блогын және т.б. жүргізу.

Халықпен өзара әрекет ету кезінде қоғамдық қабылдауларды қоспағанда, жұмыстың неғұрлым тиімді әдістерін және түрлерін зерделеу және қолдану.

Мәжілістің күн тәртібін құру кезінде уақытша ресурстарды ұтымды пайдаланды, шешілетін мәселелер басымдылығына қарай қабылданатын шешімдердің сапасын ескеру.

Сараптама потенциалын жұмылдыру және күшейту үшін азаматтық қоғам институттарымен, атап айтқанда, сол аймақтардың коммерциялық емес ұйымдармен тұрақты серіктестік қатынастарын қалыптастыру.

### **азаматтық қоғам институттарына ұсыныстар:**

Өңірдегі әлеуметтік маңызы зор жалпы проблемаларды шешу, қоғамдық бақылау механизмдерін нығайту мәселелері бойынша өңірлік қоғамдық кеңестермен өзара іс-әрекет етуді белгілеу.

Қоғамдық кеңестердің жұмысы туралы азаматтарға, атап айтқанда, өзара әрекет ету үдерісіне жұмылдыра отырып, өзінің нысаналы топтарына ақпарат беру мәселелеріне, сұраныстар мен ұсыныстар жіберуге көмек көрсету.

Мүмкіндігінше, ҚК жұмысын жоспарлауға, ашық мәжілістерге, тыңдауларға қатысу, ҚК қабылдайтын шешімдердің орындалуын бақылау.